

2026 – цифрландыру және жасанды интеллект жылы

Президент 2026 жылды цифрландыру және жасанды интеллект жылы етіп жариялау туралы жарлыққа қол қойды. Жарлықтың мақсаты – цифрландыруды одан әрі дамыту және жасанды интеллектті жаппай ендіру. Мемлекет басшысы жарлықтың орындалуын бақылауды президент әкімшілігіне тапсырды. Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№1
(1808)
8 қаңтар
2026 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW.Qaa.kz

qaa.kz

Ақжол Ақшама Газеті

Қазақстан Республикасының Президенті

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ



– Құрметті Қасым-Жомарт Кемелұлы, Сіз жыл сайын мерзімді баспасөзге ауқымды сұхбат беру арқылы белгілі бір саяси дәстүр қалыптастырдыңыз деуге болады. Осы орайда, «Turkistan» газетінің ұсынысын қабыл алғаныңыз үшін ризашылығымызды білдіреміз.

– «Turkistan» газеті 30 жылдан бері тұрақты шығып келеді. Бұл – Қазақстандағы ең ықпалды басылымның бірі. Газеттің атауында да өте үлкен мән-мағына бар. Басылым тілшілері ел ішіндегі өзекті мәселелермен қатар, тұтас түркі жұртына ортақ тақырыптарды да көтеріп жүреді. Бұл өте жақсы дәстүр деп санаймын.

Газет-журналдар қайта өрлеу дәуірінің бастауында тұр. Себебі, әлеуметтік желі адамның ойлау (танымдық) қабілетіне зор зиян келтіріп жатыр. Жасы қырыққа жетсе де, білімі мен ой-өрісі он бес жастағы жасөспірімдер деңгейінде қалып қойған азаматтарды қазірдің өзінде кездестіруге болады.

Өз басым мерзімді баспасөзді жас кезімнен үзбей оқитыным рас. Әлі күнге дейін осы әдетімнен жаңылған емеспін. Қазіргі таңда баспасөз заман талабына бейімделіп, акпарат айдынынан өз орнын тауып отыр. Газет тілшілері жан-жақты шолулар мен терең сараптамалар жасауға баса мән береді, ағартушылықпен айналысады. Көсібі әрі өз ісіне адал журналистер сапалы материалдар әзірлеп, дәстүрлі құндылықтарды сақтауға елеулі үлес қосып келеді. Мен сүйікті Отанымыздың игілігі үшін барлық салада табысты еңбек етіп жүрген мықты азаматтар туралы мәліметтерді көбінесе газеттерден аламын. Ел ішіне кең таралған TikTok, Instagram немесе Telegram арналары еңбек адамдарының шынайы тыныс-тіршілігінен алыс екенін өзіңіз де жақсы білетін шығарсыз.

Қоғамымыз елең етерлік жаңалық оқып, бейнежазба көрумен шектелмей, мән-мағынасы терең ақпараттың да қадірін білгені дұрыс деп санаймын. Көптеген жастарымыздың да дәл солай ойлайтынына куанамын. Себебі, олар адамды тығырыққа тірейтін елес-қиал әлемінде өмір сүруді емес, нағыз білім-ғылым жолына түсуді мақсат тұтады. Оқу мәдениеті жоғары елдер әрдайым жаһандық дамудың алғы шебінде бола беретіні сөзсіз. Бұған еш күмәнім жоқ.

– Сұхбатымыздың бас жағында әдеттегідей өткен жылдың қорытындысы туралы сұрағым келеді. Былтыр өте көп оқиға болғаны белгілі. Дегенмен, 2025 жылдың басты нәтижесі қандай деп ойлайсыз?

– Шынымен де, айтулы оқиғалар аз болған жоқ. Көзді ашып-жұмғанша бір жыл өте шықты, бұл сұрағыңызға табан астында жауап бере қою қиын. Мысалы, экономикамыз 6 пайыздан астам

өсті. Ішкі жалпы өнім 300 миллиард доллар межесіне жетіп, жан басына шаққанда 15 мың доллардан асты. Бұл – елімізбен қатар, бүкіл өңір үшін рекордтық көрсеткіш. Жалпы, ойдағыдай жұмыс істелді деуге болады. Бірақ, мен барлық мемлекеттік қызметшілерге тоқмейілісіп, масайрап отыруға мүлде болмайтынын үнемі айтамын. Шығыс халықтары «Тегіс жолдың өзінде тосқауыл бар» дейді. Біз тынымсыз еңбектенип, тек алға ұмтылуымыз керек. Оның үстіне, түйіні тарқатылмаған түйткілдер аз емес.

Бұл – ең алдымен, инфляция деңгейінің жоғары болуы. Соның салдарынан азаматтарымыздың әл-ауқатын арттыруға арналған еңбектің бәрі текке кетіп жатыр. Биыл Үкімет пен әкімдер мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық тұғырын нығайту үшін көп жұмыс істеуі керек.

– Былтыр жаңа Салық кодексі қызу талқыға түсті. Жұрттың көкейіне күдік-күмән ұялап, көптеген сауал туындады. Бір жағынан, қажетті экономикалық реформаларды жүргізуге мүмкіндік беретін, екінші жағынан, азаматтардың тұрмыс жағдайын төмендетіп жібермей, таразы басын тең ұстайтын тиімді жол бар ма?

– Біздің реформамыз – қатардағы «фискалдық науқан» емес, салық жүйесін қайта құру деген сөз. Алдымызда тұрған басты міндет – экономиканың тұрақты өсімін қамтамасыз ету. Үкіметке ашық әрі ұғынықты Салық кодексын әзірлеу тапсырылды. Министрлер кабинетінің бұл тапсырманы қаншалықты табысты орындап шыққанын биыл көретін боламыз.

– Экономикалық реформалар тауарлардың бағасы мен қызметтердің тарифіне салмақ салады. Жұрт бұған алаңдап отыр. Сіз Үкіметке осы мәселені шешуге арналған нақты шаралар жоспарын әзірлеуді тапсырдыңыз. Бұл жұмыс реформаның сапасы мен қарқынына әсер етпей ме? Азаматтарымыз әл-ауқатымызды жақсартуды деп күтіп жүрген реформаның нәтижесін жоққа шығармай ма?

– Әлемдік тәжірибеге қарасақ, реформалар қолға алынған кезде жұртшылық оны көп жағдайда түсінбей, қабылдамай жатады. Ондай кезде барлық жауапкершілікті арқалай алатын көшбасшының рөлі айрықша. Мен Мемлекет басшысы ретінде осындай жауапкершілікті өз мойныма аламын. Болашақта да бұған дайынмын. Менімен бірге жұмыс істеп жатқан азаматтар мұны жақсы біледі. Әрине, бұл кедергісі көп, қиын жол екенін түсінемін. Тарихта реформаторлардан гөрі басқыншылар мен популисттердің аты көбірек қалып жатады. Бірақ, Қазақстан үшін басқа жол жоқ. Біз бір жерде тоқтап қалмай, алға қарай нық қадам басу үшін реформаларды қалайда жүзеге асыруымыз керек.

Азаматтарымызға зияны тимеуі үшін қыс мерзімінде тарифтерді өсіру әкімшілік тәсілдер

арқылы уақытша тоқтатылды. Сонымен бірге, Үкіметке бюджет қаржысын барынша тиімді пайдалану міндеті жүктелді. Экономикаға ақшаны орынсыз құя беруге болмайды, бұл инфляцияны күшейтіп жібереді. Қатаң бюджеттік тәртіп керек. Қаржы ресурстары мемлекетке қажетті жобаларға ғана жұмсалуға тиіс. Былтыр қараша айында Үкімет, Ұлттық банк, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі бірлесіп, үш жылдық бағдарлама қабылдады. Құжат азаматтардың әл-ауқатын жақсарту үшін инфляцияны төмендетуге арналған.

Экономиканың құрылымы өзгеріп жатыр. Дегенмен, меніңше, өзгеріс қарқыны баяу. Халықаралық қаржы институттары мен рейтинг агенттіктерінің бағалауынша, елімізді бақауатты, тіпті, бай мемлекет деп атауға болады. Бұл сөздің жаны бар. Соған қарамастан, экономикамызда теңсіздіктер әлі де сақталып отыр. Оның бәрін шұғыл реттеп, түзу жолға салуымыз керек. Біз бұл жағдайды білеміз, оны жұрттан жасыратын ойымыз жоқ. Мұндай қиындықты көптеген мемлекет басынан өткеріп жатыр. Біз «өсім ауруы» мәселесін міндетті түрде шешеміз. Нақты жоспарымыз бар.

Бұл қадам бұрынғы жүйеден бас тартып, әлеуметтік игіліктерді әділ бөлетін жүйе құруға мүмкіндік береді. Елдің ресурстарын таңдаулы адамдар емес, барша жұрт бірдей пайдалануға тиіс. Сонда ғана заманға сай инфрақұрылым мен тиімді энергетика жүйесін қалыптастыра аламыз. Осылайша, экономиканың сапалық тұрғыдан өсуіне зор серпін береміз.

– Мемлекет кейінгі жылдары ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп отыр. Бұл шаруамен үкіметтердің бәрі айналысты. Бірақ, осы аса маңызды саладағы түйткілдер ақыры шешімін тапқан жоқ. Әр министр өз бағдарламасын жүзеге асырмақ болды. Соның салдарынан қыруар ақша құмға сіңіп жоқ болды. Енді біз еліміздің бұл саладағы әлеуетін ойдағыдай пайдалана аламыз ба?

– Ең алдымен, мал шаруашылығын дамыту керек. 2035 жылға қарай әлемде мал етін тұтыну көлемі 233 миллион тоннаға дейін өседі. Соған сәйкес, оның импорты 27 миллион тоннаға дейін артады. Қазақстанның, сыртқа, әсіресе, Азия елдеріне ет шығаратын ірі экспорттаушыға айналатын мүмкіндігі бар. Сондықтан, былтыр қарашада өткен Ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің екінші форумы дәл осы мал шаруашылығы саласына арналды.

Әлбетте, субсидиялар керек. Әсіресе, қазіргі кезеңде өте қажет. Бірақ, мұның кері әсері де бар. Себебі, масылдық пиғыл туғызып, ауыл шаруашылығына қауіп төндіруі мүмкін. Сондықтан, қазір Үкімет кооперативтерге, яғни шаруалар бірлестігін құруға қайта оралу мәселесін қарастырып жатыр. Кооперативтер еңбек өнімділігін және ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігін арттыра алады. Сондай-ақ, дайын өнімді сататын нарықтарға жақын болуға, тұтынушылармен ұзақ мерзімге арналған қарым-қатынас орнатуға жол ашады.

Дамыған елдердегі кооперация жақсы қырынан көрінді. Тіпті, ірі корпорация деңгейіне жеткен бірлестіктер бар. Қазақстанның барлық ауылында табысты кооперация құруға негіз болатын алғышарттар жеткілікті. Шаруалар жазда малын бағып, сүт, ет, тері, жүн жинап, оны өңдеу үшін күш біріктіре алады. Солай етуге тиіс те. Күнкөрістен өсіп-өркендеуге бастайтын жол – осы. Кооперацияны бірлік пен жасампаздық идеологиясы деп те қарастырған дұрыс.

3-бетте

ҮКІМЕТ ГАЗЕТ ОҚИДЫ МА?

Биылғы жылғы Үкіметтің алғашқы отырысы Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың «Turkistan» газетіне берген бағдарламалық сұхбатында айтылған мәселелер бойынша Үкімет басшысы О.Бектеновтің тиісті сала басшыларына тапсырма беруімен ерекшеленді.

Сонымен Үкімет басшысы Ұлттық Экономика министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту жөніндегі Ұлттық жобаны нақты жүзеге асыруға кірісуді, Ауыл шаруашылығы министрлігіне бір апта ішінде ет өндірісі мен экспортының көлемін арттыруды, Туризм және Спорт министрлігіне өңір әкімдерімен бірге бір ай мерзімде нақты іс-шаралар жоспарын ұсына отырып, 2029 жылға дейін туризмді дамыту тұжырымдамасын толықтырып, түзетуді, Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, туризмге қажетті кадр мәселесін шешу үшін қосымша шаралар қабылдауды, Өнеркәсіп министрлігіне квазимемлекеттік сектормен бірлесіп, белгіленген жоспарларды, оның ішінде шетелдік серіктестермен қол жеткізілген келісімдерді тез арада жүзеге асыру жұмыстарын бастауды, Энергетика министрлігіне салалық Агенттікпен бірлесіп, атом энергетикасы саласындағы жобалар бойынша жұмыстарды бақылауда ұстауды, Көлік министрлігіне, әкімдіктерге және компанияларға көлік-логистика бойынша бекітілген іс-шаралардың уақтылы жүзеге асырылуын қамтамасыз етуді, Оқу-ағарту, Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктеріне бір апта ішінде жекеменшік мектептер мен жекеменшік медициналық ұйымдарды субсидиялау саясатын қайта қарауға қатысты нақты ұсыныстар енгізуді, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне әкімдіктермен бірлесіп, жәрдемақылар мен төлемдерді тағайындау кезінде алаяқтық жағдайларды болдырмауға бағытталған кешенді шараларды қарастыруды, одан бөлек, Ішкі істер министрлігіне цифрлық технологияларды енгізе отырып, жолдар мен қоғамдық орындардағы құқық бұзушылықтарды анықтап, алдын алу жұмыстарын күшейтуді, Оқу-ағарту министрлігіне жол қозғалысы ережелерін оқыту бағдарламаларына енгізуді жалғастыруды тапсырды.

Үкіметтің осы жиынында О.Бектеновтің «Жалпы алғанда Президенттің бағдарламалық сұхбаты таяу болашақта біздің алдымызда тұрған мақсат-міндеттерді айқындап бергенін атап өткім келеді. Барлық орталық және жергілікті мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар оларды табысты жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін салып жұмыс істеуі қажет. Сөзден іске кірісіңіздер. Кез келген мәселеге прагматикалық тұрғыдан қарап, бюджет қаражатын барынша үнемдеп, нақты нәтиже берулеріңіз қажет. Ал есеп беру, презентация жасау дегеннің бәрін доғарыңыздар. Нәтиже болмаса оның бәрі бос әңгіме. Жұмыс істей алмасаңыздар ашық айтыңыздар. Бұл мәселені шешеміз», — деген бірден бірге кең тарады.

Сондай-ақ осы жиында білім саласында субсидия көлемін көбейту мақсатында оқушылар мен мұғалімдердің жасанды легі жасалып, ал бұл өз кезегінде білім сапасына, сондай-ақ мемлекеттік шығындардың тиімді жұмсалыуына теріс әсер етіп отырғаны да айтылды.

Үкімет басшысы мемлекеттік бюджет «эпиталық» мектептердің қызметін қаржыландыруға жұмсалмауы керектігін, мұндай мектептерде ата-аналардың төлемдері оқу процесін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін де ортаға салды.

Ия, Үкіметтің алғашқы жиынында келеңсіз біраз жәйттердің беті ашылды. Егер де Мемлекет басшысы газетке сұхбат бермегенде көп жәйт «жабулы қазан» қалпында қала берер ме еді? Кім білген... Не болғанда да сұхбаттың жарияланғаны, Үкіметтің осы сұхбатты оқығаны жақсы болды...

“ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫЗДЫ” КІТАП БОЛЫП ШЫҚТЫ

2022-ші жылдың қаңтар айының алғашқы онкүндігінде елімізде көп жұрт қаңтар қырғыны, енді біреулер қаңтар қасіреті дейтін қаңтар оқиғасы орын алды.

Арада біршама уақыт өтті. Әлі күнге қаңтар оқиғасының анық-қанығы көп жұрт үшін беймәлім. Себебі де белгілі. Әркім өз пайымымен, болжамымен әрнәрсені айтқанымен нақты дерек, дәйек жеткіліксіздігінен шындық ашылмай тұрған іспетті.



Елімізге белгілі есім, қызметіне қатысты лауазымдарынан бөлек тарихшы, тарих ғылымдарының кандидаты, саяси ғылымдар докторы Мұрат Бақтиярұлының дерек пен дәйекке негізделген «Қаңтар қақтығысы» кітабы жарық көрді.

Өткенде облыстық Ө.Тәжібаев атындағы кітапханада кітап авторы кітапты оқырман қауымға таныстырды. Кітап таныстырылымына автормен бірге ұзақ жылдар бойы үзеңгілес болып келе жатқан зиялы қауым өкілдері, жастар, оқырман қауым жиналды.

Жиналғандар кітап өзектілігін ашып айтты. Бір қызығы қаңтар оқиғасы туралы пікір білдіргендердің барлығы дерлік сол оқиғаға себеп болған әлеуметтік мәселелердің әлі күнге толық шешілмегендігін алға тартты...

6-бетте

ЖАҢАҚОРҒАНДА ЖОЛДАСБЕК ДЕГЕН АЗАМАТ БАР...

Жолдасбек Айтбаев 1949 жылы 18 наурызда Жаңақорған ауданындағы Төменарық ауылында жұмысшы отбасында дүниеге келді. Мектеп жасына дейін ата-анасының тәрбиесінде болып,1956 жылы мектепке барып, БЛКЖО-ның ХХХ-жылдығы атындағы орта мектепті 1966-шы жылы бітіріп шықты. Сол жылы аудандағы №1 автобаза мекемесінде моторист, электрик болып жұмыс атқарды. Сол жерден 1968 жылы кеңес армиясы қатарына шақырылып, Беларусьның Брест маңында байланыс батальонында борышын өтеген. 1969 жылы «Үздік жауынгер» атанып, СОКП мүшесі болып, 1970 жылы Лениннің 100 жылдығы қарсаңында медальмен марапатталды. Армия қатарында көптеген марапаттарға ие болған.

1970-ші жылы елге келген соң ауданда құрылыс мекемесінде қарапайым құрылысшы болып, 1972-ші жылы Жамбыл Су құрылысы «ДГМСИ» институтына оқуға түсіп, 3 жыл студенттік құрылыс отрядтарын басқарып, Меркі, Шу аудандарында құрылыстар (мектеп, интернет, тал-өткел су қоймаларында) еңбек етіп облыста жүлделі орындарға ие болды. Екі ауданның да аудандық комсомол комитеттерінің марапаттарына, мекемелердің ақшалай, заттай сыйлықтарына ие болып, 2, 3, 4 курста жатақхананың студенттік кеңесінің төрағасы атанған. 1977-ші жылы оқуды үздік бітіріп, аудандағы №34-ші ЖМК мекемесінің жер тегістеу учаскесінде қатардағы жұмысшыдан бастап шебер, прораб, учаске бастығы, өндіріс бөлімінің бастығы, бастықтың орынбасары, бас инженер, одан соң бастығы болып 2015 жылға дейін жұмыс атқарған. Қазіргі таңда зейнеткер. Жұмысты ауданның көптеген шаруашылықтарында атап айтқанда Задария, Өзгент, Түгіскен, Келінтөбе, XXIII-ші партсъезд, Төменарық, Сунаката, Красная Звезда, Алмалықта жер тегістеп,

көпірлер, жолдар салып, тоспалар құрып, каналдар қазып, елдің өркендеуіне үлес қосты. Жайылма, Бесарық су қоймалары салынып, су жүретін науалар пайдалануға берілді. Израилдің озық технологиясымен тамшыланып суару әдісімен құрылыс жасап, Шиелі ауданында Жахаев, Байгөкұм шаруашылықтарында жер тегістеп, науалар құрылысын салды. Арал ауданында Жамбыл колхозында ауыз су комплексі салынып пайдалануға берілді. Құмкөл кенішінде Қоныс, Бектас ұңғымаларына канадалық компаниямен бірлесіп жол салынды. Жалағаш ауданы Аққұм шаруашылығында «БолгарСтрой» компаниясымен пилоттық жобада жер тегістеліп, каналдар салынды. Соңғы жылдары ауыз суға аса мән беріліп, ауданның барлық шаруашылықтарына, халыққа таза су жеткізу үшін құрылыстар жүргізілді. Осынша тірлікке тер төгіп, еңбек еткен жұмысшы қызметкерлерге марапат есебінде 8 жұмыскерге 10 сотықтан үй салуға жер берілді. Қалбергенов, М.Нысанбаев, Р.Ерімбетов, Т.Мустафаев, С.Самудинов, Е.Мампаев, Ғ.Үйсінбаев, Б.Абуова және Т.Тоғмановқа 1 пәтер тегін берілді. Көптеген азаматтар санаторияға тегін жолдамамен қамтамасыз етілді. Ардагерлер мен мүгедектерге көлік және заттай, ақшалай көмектер берілді. 2015 жылдан құрылыс саласында жеке кәсіппен айналысуда. Отбасында 3 ұл 2 қыз тәрбиелеп, әрқайсысы өз саласында қызмет атқарады. 12 немере сүйіп отыр.

Оның еңбек кітапшасында ПМК-34 мекемесіне жұмысқа қабылданғаны мен зейнеткерлікке шыққандығы туралы бір ғана жазба түскен. Осы еңбегі үшін еліміздің Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінен «Құрметті құрылысшы» төс белгісі мен республикалық қоғамдық қорының өз саласына еңбек еткен «Ерен еңбегі» үшін төс белгілерінің иегері.

Жақсы адамның жақсылығының өзі ешқашанда өсерлеу, әрлеусіз, көтермелеу, дөнекерлеусіз де жақсы. Жолдасбектің өзі, өмірі табиғатынан тап-таза, тәтті тағылымды, пәтуәлі, саликалы сөзі, тындырымды, тиянақты игілікті ісі, отбасына, әулетіне, елге, халыққа, мемлекетке, тарихқа деген кіршіксіз адалдығы, жолдасқа, жалпы адамға деген ізгі пейілі, ықыласы, илтипаты, адам сүйгіштігі, сыйластығы, адамды тыңдау қасиеті қашан болса да ерекше таңқаларлықтай, баршамызға мәңгілік өшпес, үлгі боларлықтай азамат.

Жолдасбек Сыр бойындағы Түгіскен массивін игеруде суармалы егін шаруашылығын қалыптастырып, суармалы жерлерді инженерлік жүйеге келтіруге ерекше еңбек етті. Қызылорда облыстық Главриссовхозстрой бірлестігіне қарасты Жаңақорған ауданындағы ПМК-34 мекемесінің жоғарғы оқу орнын бітіргеннен кейін қатардағы жұмысшыдан бастап, сол мекеменің басшы лауазымына дейін көтерілді. Сол қажырлы жасампаз еңбегінің, білімінің, маңдай табан терінің арқасында Жаңақорғанның суармалы аймақтары нағыз байлық пен дәулеттің қайнар көзіне айналып, халқы өсіп-өркендеп, көктеп көгерді.

Жолдасбектің жасампаздық, жанқиярлық еңбегінің арқасында мыңдаған гектар суармалы жер игерілді. Жүздеген шақырым каналдар мен гидротехникалық, инженерлік нысандар соғылды. Соның нәтижесінде ауданда күріш, қант қызылшасының, жалпы көкөністің, жеміс-жидек, бау-бақшаның, картоптың, техникалық дақылдардың 80 пайызы осы суармалы жерге орналасты. Сонымен қатар елімізге белгілі қоғам және мемлекет қайраткері Тыныбаев, Эрик Гукасов, Виктор Гуннаренко, Ержігіт Бозғұлов, Нариман Қыпшақбаев, Сабыр Арыстанбаев, Алтай Морозов, Елтай Құттыбаев, Әбдіманап Құтжанов, Мәделхан

Нәлібаевтардан Жолдасбек сабақ алып, тәжірибесін кеңейтіп, адал таза еңбегінің арқасында беделге ие болды. Қызылорданың жоқтан бар жасайтын халқы, мыңдаған су жер мамандарының Жолдасбектей іскер, талантты ұйымдастырушы басшылардың бірі болғандығына дауы жоқ деп ойлаймын.

Әдетте, халық бұл дүниеде үш сауапты жұмыс бар дейді: құдық қазу, көпір салу, ағаш егу. Жолдасбек өзінің терең білімін, мол тәжірибесін, Алла берген табиғи талантының қадір-қасиетін, адал еңбегін бүкіл саналы өмірін канал, қашыртқы, құдық қазу, тастан бөгет салуға жұмсады. Барлық инфрақұрылымдары шешілген сол заманның кеңшар орталықтарын салуға, оның жасыл желекке бөленуіне үлес қосты.

Бізге оның осы адал еңбекпен, халыққа жасаған сауабы асу бермес асқар таудай. Жолдасбектің абыройы-мен ағарған шашы сол еңбек тауының қар басқан аппақ шыңындай көрінеді. Олай болса Жолдасбектің өнегелі өмірін, жанқиярлық ерлік еңбегін елге халыққа жақсылық жасаудың нағыз сауапты, иманды іс жасаудың үлгісі деуге өбден болады.

Жолдасбектің еңбегі елдің, халықтың есінен ешқашан ұмытылмайды. Жаңақорған ауданында орналасқан күріш кеңшары орталықтарында тегістелген әрбір алақандай жерден, әрбір метр жолдан, каналдан, қашыртқыдан, бірнеше жүздеген гидротехникалық өндірістік әлеуметтік нысандардан, қыrmандардан, ұшақ алаңдарынан, құдықтар мен көпірлерден Жолдасбектің төккен адал терінің исі аңқып тұр.

Бұл дүниеге келген әрбір адам үшін, әсіресе атқа мінген азамат



үшін өмір деген қыл көпірден өткен күрес жарыс, сын сынақ қой. Айтбаев Жолдасбек уақыттың, тарихтың, халықтың осы әділ таразысына түсіп, өмірдің бар сынағынан сүрінбей өткен иманы мен ұятының туын жықпаған, ары мен намысына дақ түсірмеген нағыз азамат.

Жолдасбек бақтан, тақтан, биліктен басы айналмады. 40 жыл қырғын болса да, аспан айналып жерге түссе де, тау мен жер қозғалса да қозғалмайтын, өзгермейтін өзінің қорғасыннан құйылғандай қалпын, адамшылығын, азаматтылығын, тұрақтылығы мен салауаттылығын, қарапайымдылығын, қанағатшылдығы бар қадір-қасиетін сақтап қалған үлкен жүректі азамат.

Ел ажарын азамат ашып тұрған Мінезімен өзіне талайларды ғашық қылған.

Жаңақорғанда туылған Жолдасбектей азамат бар Біразынан ақыл ойы, өрісі асып тұрған.

Алдағы күндердің аяулы досым Жолдасбекке сәттілік пен жарасымды көңіл-күй сыйлауына тілектеспін.

Ашимов Абдрашит еңбек ардагері, сыныптасы

ҚОЙШЫ МЕН БАҚТАШЫ ҚАТАРЫ КӨБЕЙЕР МЕ ЕКЕН?

Қазақстан Ауыл шаруашылығы министрлігі өзінің рес-ми сайтында қойшылар мен бақташылардың зейнет жа-сын төмендетуді ұсынғанын жазыпты. Бұл ұсыныс алдымен қоғамдық кеңесте талқыланыпты.

Министрлік баяндауынша саланы білікті кадрлармен қамтамасыз ету көзделіп отыр. Ол үшін осы сала маман-дарын әлеуметтік қолдау мәселелері де қарастырылған, оның ішінде қойшылар мен бақташылар үшін зейнеткерлік жас-ты төмендету, олардың балаларына білім беру гранттарын басым тәртіппен бөлу, әскер қатарына шақыруды кейінге қалдыру ұсынылыпты.

Бұдан басқа жануарлардың барлық түрлері бой-

ынша асыл тұқымды малды сатып алуға жылдық 6% мөлшерлемемен ұзақ мерзімді жеңілдетілген кредит беру;

айналым қаражатын толықтыру үшін мал шаруашы-лығының ішкі салаларына шектеу қойылмай, 5% мөлшер-лемемен кредит беру тетігін енгізу;

пайдаланылмай жатқан жайылымдардың әлеуетін іске қосу мақсатында көшпелі мал шаруашылығын дамыту үшін 6% мөлшерлемемен бірыңғай кредиттік өнім құру да қаралған.

Қоғамдық кеңес мүшелері кешенді жоспар жобасын бірауыздан мақұлдаған.

ҚОР ҚАРАЖАТЫН ЕЛ ҚАЙДА ЖҰМСАДЫ?

«Ұлттық қор – балаларға»: 2026 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша кәмелетке толған қазақстандықтардың қаражатты пайдалану қорытындылары шықты.

2026 жылдың 1 қантарындағы жағ-дай бойынша 2024 жылғы 1 ақпаннан бастап «БЖЗҚ» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) нысаналы жинақ алу бойынша **205505** өтінішті орындады. Жалпы сомасы **31,61 миллион АҚШ долларынан** астам қаражат уәкілетті операторларға аударылды. Олар, өз кезегінде,қаражатты 18 жасқа толған өтініш берушіазаматтардың банктік шоттарына есептейді. Оның ішінде **тұрғын үй жағдайын жақсарту** мақсатында **19,69 млн. АҚШ долларына 127 445** өтініш, **білім беру ақысын төлеу** үшін **11,92 млн. АҚШ долларына 78 060** өтініш қанағаттандырылды.

Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін ғана пайдалануға құқылы, пайдаланылмаған сома нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) қалады.

Тұрғын үйді жақсартуға арналған қаражатты пайдаланудың ең танымал қосалқы мақсаттары: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыру (19,27 млн. АҚШ долларына 124 490 өтініш орындалды), тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізу – 145,39 мың АҚШ долларына 999 өтініш,азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алу (түпкілікті есеп айырысу) – 108,64 мыңАҚШ долларына 757 өтініш.

Білім беру ақысын төлеу шеңберіндегі

ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім беру ұйымдарының бі-лім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде бір мезгілде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (11,03 млн. АҚШ долларына 71 025 өтініш орындалды), білім беруге жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім беруге жинақтау салымын толықтыру (608,47 мың АҚШ долларына 4 933 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеуге (228,32 мың АҚШ долларына 1706 өтініш орындалды) төлем жасау.

Нысаналы жинақтарды тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алуға ақы төлеу мақсатында төлеу туралы уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Естеріңізге сала кетейік:

- нысаналы талаптарға Қазақстан Рес-публикасының 18 жасқа толмаған, нысана-лы талаптарға құқығы бар азаматтары қатыса алады;

- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (ҚРҰБ) жыл сайын (1 қазан) БЖЗҚ-ға нысаналы талаптардың жалпы со-масы, орташаланған инвестициялық кіріс мөлшерлемесі және нысаналы талаптар-ға қатысушылардың бұрын қалыптас-тырылған нысаналы талаптарына есеп-телген инвестициялық кіріс сомасы туралы ақпаратты камтитын есепті жібереді;

- БЖЗҚ жыл сайын, есепті жыл-дан кейінгі бірінші айдың 20-нан кешік-тірмей «Жеке тұлғалар» мемлекеттік дерекқорынан (ЖТ МДҚ) алынған мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде есепті жылдың соңындағы (31 желтоқсан) жағдай бойынша нысаналы талаптарға қатысушылардың электрондық тізімін қалыптастырады;

- Қор ҚР ҰБ-тан алынған ақпарат пен электрондық тізімге енгізілген ныса-налы талаптарға қатысушылардың санына қатысты мәліметтер негізінде БЖЗҚ ақпараттық жүйесіне нысаналы талаптардың бір қатысушысы бойынша есепті жылдағы нысаналы талаптардың сомасы, есепті жылдың алдындағы жылдың соңындағы жағдай бойынша нысаналы талаптардың сомасына есеп-телген инвестициялық кіріс сомасы туралы деректерді есептеп, енгізеді;

- БЖЗҚ нысаналы талаптарды, ныса-налы жинақтар мен нысаналы активтерді есепке алуды АҚШ долларымен жүргізеді.

Есепті 2025 жылғы нысаналы талап-тар, сондай-ақ, инвестициялық кіріс нысаналы талаптарға қатысушыларға 01.02.2026ж. кешіктірілмей есептелетін болады.

Бұл ретте 2008 жылы туған, 2026 жылғы 18 жасқа толатын қазақстандық-тардың нысаналы жинақтар шоттарына нысаналы жинақтарды есептеу де 01.02.2026ж. кешіктірілмей жүзеге асы-рылады.

«Ұлттық қор – балалар» бағдарламасы бойынша тұрақты түрде жасалатын есептер enpf.kz сайтына орналастырылады.

МҰЗДЫҢ ҮСТІНДЕГІ ЕРЕЖЕЛЕРДІ ҰМЫТПАЙЫҚ!

Су қоймаларында суық ауа райының басталуымен мұз жамылғысының біртіндеп қалыптасуы жүреді. Бірақ мұз тұрақты аязға дейін берік емес.

Жыл сайын жұқа мұз адам шығынына әкеледі. Әдетте, балалар мен балықшылар жиі кездеседі.

Мұзға шыққанда сіз өте мұқият болуыңыз керек және қауіпсіздік шараларын сақтауыңыз керек!

- Тұщы суда қалыңдығы кемінде 10 сантиметр және тұзды суда 15 см мұз адамдар үшін қауіпсіз болып саналады.

- Егер ауа температурасы 0 градустан жоғары болса, үш күннен артық сақталса, мұздың беріктігі 25% - ға төмендейді.

- Мұздың беріктігін көзбен анықтауға болады: мұз мөлдір көк, жасыл реңк – берік, ал ақ мұздың беріктігі 2 есе аз. Сұр, күңгірт ақ немесе сары реңктері бар мұз ең сенімсіз болып табылады. Мұндай мұз ескерту сықырлауынсыз құлайды.

- Қараңғыда және нашар көрінгенде (тұман, қар, жаңбыр) мұзға шыға алмайсыз.

- Өзеннен өту кезінде ұйымдастырылған мұз өткелдерін пайдалану керек.

- Мұздың беріктігін аяқтың соққысымен тексеруге болмайды. Егер таяқтың алғашқы қатты соққысынан кейін кем дегенде аздап су пайда болса, бұл мұздың жұқа екенін білдіреді, сіз онымен жүре алмайсыз.

- Жиінішке, сықырлаған мұзға түскеннен кейін, ақырын артқа бұрылып, жағалауға барар жолда сырғанау қадамдарымен оралу керек.

- Су қоймасын топпен кесіп өту кезінде бір-бірінен (5-6 м) қашықтықты сақтау қажет.

- Мұзды суға түскен адам 10-15 минуттан кейін гипотермияға ұшырап, 20 минуттан кейін есінен танып қалуы мүмкін екенін білу керек. Сондықтан жәбір-ленушінің өмірі көмек көрсетушілердің әрекетінің жылдамдығына байланысты.

- Мас күйінде мұзға шығу, мұзда секіру және жүгіру, бір нүктеде көп адам жиналу, жұқа мұзға шығу өте қауіпті!

Е.Т.ЕСЕНГЕЛДИЕВ,

Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының аға инженері, Азаматтық қорғау лейтенанты

2026 ЖЫЛҒЫ ІТОҚСАНДА М.ШӘМЕНОВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН, ОНЫҢ ІШІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Есжанов Галымжан Сансызбаевич	Ауылдық округті әкімі	Сейсенбі сағ:9.00-19.00-ге дейін	М.Шәменов атындағы ауылы, Мәмбет әулие көшесі, №26	37-3-96

МЕНШІК ИЕСІ:	Редакцияның мекен-жайы:	(E-mail: a_akshamy@mail.ru) Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп	ТАРАЛЫМЫ: 4000 Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.	Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.
«Желтоқсан и К» ЖШС	Қызылорда қаласы Абай даңғылы, 59/1	№14611-Г «7» қараша 2014 жылы куәлігі берілген. Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №1026-Г - 11.01.2000 ж	Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49 Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы	Сурет сапасына редакция жауап бермейді
Бас редактор Сәрсенкүл Бөйдешқызы БІҚОЖАЕВА	Телефон: 23-16-08 23-16-11	Газет аптасына бір рет жарық көреді	Тапсырыс	
Бас редактордың орынбасары Айдана ӘЛИАРЫСТАН				

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: ҚАЗАҚСТАН ЖАҢҒЫРУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІНЕ ҚАДАМ БАСТЫ

Бірақ, кооперация өзінен өзі пайда бола салмайды. Ел ішінде егжей-тегжейлі түсіндіру және ұйымдастыру жұмыстарын қолға алу қажет. Алайда, бірлестік құру ісін науқанға айналдырып, жұртқа қысым көрсетуге, оларды мәжбүрлеуге жол берілмейді.

Әлем елдері туристерді тарту үшін жеке инвесторларға қолайлы жағдай жасап отыр. Біздің елде көрікті жерлер өте көп. Қазір экотуризмге деген сұраныс жоғары. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанға тең келетін ел жоқ секілді көрінеді. Алайда, белгілі бір себептерге байланысты, соның ішінде жауапты тұлғалардың біліктілігі мен неміқұрайлығының кесірінен туризмнің болашағы зор осы бір саласы әлі күнге дейін кенже қалып отыр. Әзірге таныстыру, яғни презентация жұмыстарынан әрі аса алмай жатырмыз.

Туризмнің дамуына тұмса табиғатты қорғау деген желеумен кез келген жобаға қарсы науқан ұйымдастыратын кейбір «эко-белсенділер» зиян келтіріп отыр. Көпшілігінің табиғатта шаруасы да жоқ. Олар өзінің табиғаттағын арттыру үшін қоғамды дүрліктерді, қазіргі тілмен айтқанда, «хайт» жасауды ғана көздейді. Туризм бизнесінде әбден өккі болған, бәсекелестердің шыққанын қаламайтын кәсіпкерлер кейде олардың қолтығына су бүркіп отырады.

– Тағы бір тақырыпқа ойысасқ. Жұртты бұрыннан толғандырып жүрген мәселелер бар. Мысалы, кейбір ірі бизнес өкілдерінің өмірі сән-салтанатқа толы. Олар қалтағы азаматтардың да, қарапайым адамдардың да қамын ойлап әуір сүруді қашан үйренеді?

– Бизнес – кез келген елдегі экономиканың негізгі тірегі. Біз ұзақ жолды жүріп өттік. Осы жолда жұрт жеке меншік институтына ешкім қол сұқпауға тиіс екенін түсіне бастады.

Мен мемлекеттік билік жүйесінде жоғары лауазымды қызметтерді атқара жүріп, сөзбен де, іспен де ұлттық буржуазияның заңды мүддесін қорғауға тырыстым. Себебі экономиканы өркендету және мемлекеттің қоғамдық негіздерін нығайту ісінде кәсіпкерлер елеулі рөл атқаратынын жақсы түсінемін.

Тарихи себептер мен ұлт болмысындағы ерекшеліктерге байланысты ірі бизнесмендеріміз қарапайымдылық, ұстамдылық сияқты қасиеттерге мән бере қоймайтыны рас.

Мен Швейцарияда жұмыс істеп жүргенде аса ірі әрі белгілі кәсіпкерлермен кездесулер өткіздім. Сол кезде олардың өз қаражатын өте үнемдеп жұмсайтынын және елден дараланып көзге түскісі келмейтінін көріп, таңалдым. Миллиардтаған қаржысы бар адамдар қонақүйдің қарапайым бір бөлмесінде тұруға намыстанбайды. Жеке ұшақпен ұшып кетугі, бірінші санаттағы орындарға да отырмайды. Бірақ, бұл – олардың бойында ғасырлар бойы қалыптасқан дағды.

Ал, біздің кәсіпкерлеріміз үшін қалыпт. көрінетін өмір салты кейде қоғамның наразылығын туындрып жатады. Мұндай жағдай көптеген елде бар. Сол үшін де қайырымдылық қызметі жұмыс істейді. Бұл – қоғам мен бизнес арасындағы өзара келісім іспеттес.

Жасанды интеллект пайда болғаннан бері болашақтың кемесіне мініп үлгеретін елдер мен ескі заманда қалып қоятын елдердің арасы алыақтап бастады. Сондықтан мен цифрлық технологиялар мен жасанды интеллекттің Қазақстанның даму жолындағы басым бағыт деп жарияладым. Биыл өте көп шаруа атқарылады. Осы айрықша маңызды жұмыстың табысты боларына сенемін.

– Сіз Республика күні қарсаңында өткен азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімінен кейін кәсіпкерлермен жеке кездесіп, оларға наразылығыңызды ашық айттыңыз деп естідік. Құпия бол-маса, әңгіме не туралы болды?

– Жаңа ғана сөз болған қайырымдылық туралы, отаншылдықты жасампаз іспен көрсету жөнінде сөйлестік. Бізге халық алдындағы жауапкершілігін жақсы білетін әрі соны терең түсінетін ұлттық буржуазия керек.

Қазақстанда көп нәрсе өзгерді. Қоғамдық сана жаңғыра түсті, мемлекеттік басқару жүйесі жаңарды, саяси қайраткерлер ауысты. Ірі кәсіпкерлер ғана жүрісінен жаңылмай, бәз-баяғы қалпында келе жатыр. Бірақ, бұл, бір жағынан, биліктің бизнеске көзқарасы дұрыс екенін көрсетеді.

Кәсіпкерлердің бәрі бірдей мемлекеттің қолдауын дұрыс түсіне бермейді, әрдайым солай болуға тиіс деп қабылдайды.

Олар ауқымды жобаларды бастап алып, қит етсе Үкіметтен көмек сұрайды. Мен оларға «бизнесмен айналысып жатқан сіздер ме, әлде Үкімет пе?» деп сұрақ қойдым.

Кітүрқы саяси ойындармен әуестеніп кеткен кейбір кәсіпкерлерді сынауға тура келді. Бизнесмендер ел экономикасын

өркендету үшін жұмыс істеуі керек. Тіпті, кәсіптің жілігін шағып, майын ішкен Илон Масктің өзі саясатқа белсенді араласпау туралы шешім қабылдады.

Бірнеше атом станциясын салу – біріншіден, тарихи олқылықтың орнын толтыру деген сөз. Себебі, уран өндірісі бойынша әлемде көш бастап тұрған елдің бірде-бір атом электр станциясын салмауы мүлдем ақылға қонбайды. Екіншіден, бұл қадам Қазақстанның абырой-беделін нығайта түседі. Біз атом станцияларын салу арқылы техникалық интеллигенцияның есаңа буынын қалыптастырамыз. Тісінінше, мемлекеттік саясаттың түпкі мәнін өзгертпейміз. Осыны қаперден шығармаған жөн.

– Тағы бір өзекті тақырып. Қаңтар оқиғасына қатысқан бірқатар азаматқа байланысты сот процесі туралы ақпарат БАҚ беттерінде былтыр ара-тұра жарияланып тұрды. Тергеу амалдары әлі жүріп жатыр ма?

– Қаңтар оқиғасын талқылайтындар көбінесе сол кездегі дағдарыстың түпкі мәнін түсінуге еш пайдасы жоқ дүниелерді қазбалап кетеді. Сол үшін оларды кінәлауға да болмас. Дегенмен, ақиқат жолында ешқашан қызбалыққа салынбау керек. Алматыдағы аласапыран туралы жні айтылып жатады, мұны түсінуге де болады. Бірақ, зұлымның сиқырлы таяншымен жасалғандай адам сенгісз жағдайлар болғанын да естен шығармау керек. Нақтырақ айтқанда, бүлікті ұйымдастырушылардың әмірімен бір мезетте он екі қалада жаппай тәртіпсіздік белең алды. Оның арты қаскөйлердің көптеген облыс әкімдіктері мен құқық қорғау органдарының ғимараттарын басып алуына әкеп соқтырды. «Төңкеріс» жасауға әбден машықтанған мамандардың жетекшілігімен тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар Үкіметтің жанар-жағармай бағасын өсіру туралы шешімін желеу етіп, адамдарды жаппай шеруге шығуға итермеледі. Сосын азаматтардың, мемлекеттік қызметшілердің, бір таңғаларлығы, күштік құрылым қызметкерлерінің едәуір бөлігінің арасында дүрбелең туғызды. Олар қару-жарақ пен құпия құжаттарды қараусыз қалдырып, жұмыс орындарын тастап, кете бастады. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және Ішкі істер министрлігінің кейбір басшылары сын сағатта Отан алдындағы адалдығын сақтап қала алмады, кәсіби деңгейі де төмен екенін көрсетті.

Осындай жағдай, әсіресе, бүлікшілердің басты нысанасы болған Алматыда анық байқалды. Әскери қызметшілер мен қала тұрғындары қатты қорлыққа ұшырады. Әкімшілік ғимараттар, сауда орталықтары, дүкендер мен банктер қирап, өртке оранып, тоналып жатты. Мұндай жүгенсіздікке қарсы төтенше шаралар қабылдау қажет болды. Қазір, арада біраз уақыт өткен соң, пингылы арам әрі сана-сезімі таяз кейбір адамдар мемлекетіміздің елді құрдымға жібере жаздаған сұмдық берекесіздіктен аман қалғаны жайлы әңгімемен әдейі айналып өтіп, қасақана ойына келгенді айтып жүр.

– Қаңтар оқиғасынан кейін сіз олигополияға қарсы күресті қолға алып, заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару жөнінде бастама көтердіңіз. Сол үшін Бас прокуратураның жанынан арнайы комитет құрылды. Бірақ, былтырғы Жолдауыңызда бұл құрылымының атауын Инвесторлардың құқығын қорғау жөніндегі комитет деп өзгерту туралы таңсырма бердіңіз. Жұрт бұл шешімді жете түсініксіздігімен ойып. Мұндай қадам заңсыз активтерді елге қайтару тақырыбы осымен жабылды дегенді білдіре ме?

– Әрине, жоқ. Бас прокуратураның мәліметтеріне тоқталып өтейін. Заңсыз активтерді елге қайтару жөніндегі комитет үлкен жұмыс атқарып, олигополия өкілдерінен 1,3 триллион теңгеден астам қаржы өндіріп алды. Соның 1 триллион теңгеден астамы мемлекет қазынасына түсті. Арнайы мемлекеттік қордағы қаражат есебінен елімізде жалпы құны 482 миллиард теңге болатын 434 әлеуметтік және коммуналдық нысан салынып жатыр. Оның қатарында 227 сумен қамтамасыз ету, 183 денсаулық сақтау, 11 білім беру, 5 спорт, 8 инфрақұрылым нысанының құрылысы бар. Сондай-ақ, Павлодар, Арқалық, Балқаш қалаларындағы әуежайлар жаңғыртылып жатыр.

Жұмыс жалғаса береді. Активтерді сараптап, оның заңдылығын анықтау құзырлы органдардың күнделікті қызметінің бір бағытына айналды. Ең бастысы, барлық жұмыс ашық әрі әділ болуға тиіс. Енді бұл шаруаны бір орталықтан үйлестіріп жүргізудің қажеті жоқ. Жұмыс бір қалыпқа түсті. Сондықтан, алға қадам басып, инвесторлардың құқығын қорғауға баса мән беретін кез келді.

Активтерді күмән туыдырып, күдікке ілінген адамдардың көбі қаржысын елге инвестиция ретінде салуға ниет білдірді. Олармен жалпы сомасы бес триллион теңгеден асатын келісімдер жасалды. Бұл қаражаттың есебінен инвестициялық және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отырмыз. Оның ішінде туристік, көлік-логистикалық орталықтар, тау-кен, металлургия, энергетика секторларына қатысты жобалар бар. Әлбетте, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларына, сондай-ақ, мұқтаж жандарды оңалту және әлеуметтік ортаға бейімдеу

бағдарламаларын қаржыландыруға айрықша назар аударылады.

Бас прокуратура мен Үкіметтің алдында барлық жоспарларды және уағдаластықтарды орындау міндеті тұр. Бұл – аса маңызды жұмыс.

Заңсыз активтерді елге қайтару арқылы әлеуметтік әділдікті қалпына келтіру – конъюктура не болмаса жұртқа жасау үшін жасалған саяси науқан емес, бұл – мемлекеттің мызғымас ұстанымы. Әңгіме индустрия немесе ымыраласып, астыртын келісім жасау туралы болып отырған жоқ, олай болуы мүлдем мүмкін емес.

Қазақстан әлем қауымдастығына халықаралық құқықты қатаң сақтайтын ел екенін көрсетіп келеді. Бірақ, кейбір «кәсіпкерлер» қоғамдық пікірді өз мүддесіне қарай бұрмалауға тырысады, шетелде жатып алып, өздерін саяси режимнің құрбаны етіп көрсетеді, «инвестор» ретіндегі құқығы ташталып жатқанын айтады. Біз заң аясында адал диалог жүргізуге дайынбыз. Өйткені, ұстанымдарымыздың дұрыс екеніне сенімдіміз. Қазақстан алдағы уақытта да заңдары инвесторларға қолайлы мемлекет ретіндегі мәртебесін нығайта береді.

– Сіз Жолдауыңызда әлеуметтік жеңілдіктер тым көбейіп, масылдық пен алаяқтыққа жол берілгенін қатаң сынға алдыңыз. Жұрт иммиграцияға қатысты көзқарасыңызды да білгісі келеді...

– Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, ғылым және мәдениет саласына қатысты барлық міндеттеме толық орындалады. «Сырт көз – сыныш» деген сөз бар. Шетелдіктер, әсіресе, көрші мемлекеттердің тұрғындары біздің елдегі әлеуметтік қызметтің соншалықты дамығанына қызыға да, қызғана да қарайды. Соның ішінде кепілдік берілген тегін медициналық көмек және азаматтарға арналған көптеген жеңілдік бар. Тіпті, Қазақстанды «коммунизм орнаған» ел деп атай бастады.

Мысал ретінде, жекеменшік мектептердің иелері де ауқымды мемлекеттік субсидия алатын орта білім жүйесін айтуға болады. Барлық аймаққа жекеменшік мектептердің, балабақшалардың, оқу орталықтары мен үйірмелердің жұмысын қамтамасыз ету үшін «жан басына сәйкес қаржыландыру» қағидаты бойынша қомақты қаражат бөлу міндеті жүктелген. Бұған қоса, ауқатты кәсіпкерлердің меншігіндегі және ата-аналары балалардың оқу ақысына көп ақша төлеп отырған элиталық мектептерге де бюджеттен қаржы бөлінеді.

Бұл саланы мемлекеттен қаржыландыру жүйесінің өзін реформалау керек. Министрліктің бұрынғы басшылары енгізген бүгінгі бұрмаланған тәртіп бей-берекеттікке әкеп соқтырады, себебі, қазірдің өзінде қаражат жетпей жатыр. Жекеменшік медицина саласында да осыған ұқсас ахуал қалыптасқан. Бұрын жекеменшіктенірілген медицина мекемелері көбінесе күрделі құрал-жабдықтар сатып алмайды, тексеруден өту үшін науқастарды мемлекеттік емханаларға жібереді. Бірақ, ең бастысы, оларға шын мәнінде науқастардың санына қарай емес, «тіркелген» адамдардың санына қарай бюджеттен ақша бөлінеді және бұл «жан басына сәйкес қаржыландыру» деп аталады. Науқастардың санында мүлде нақтылық жоқ, тіркеу жұмыстары қалай болса солай жүргізіледі. Барлығы ашық болуға тиіс, осы саладағы үрдістің бәрін цифрландырған жөн.

Жалпы, бұл – күрделі мәселе, Үкімет бұған назар аударуға тиіс. Мен лауазымды тұлғалардың мұндай жағдайға жол беріп қана қоймай, мемлекет мүддесіне қайшы келетін нәрселерді «өз қолымен» жасағанына таңғаламын.

Бір сөзбен айтқанда, тиісті мекемелердің жөніс із-әрекеттерінің кесірінен білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы жеке кәсіпкерлік ұғымы бұрмаланып кеткен. Ахуалды түзеу қажет. Бюджеттен қаржы бөлінбесе, әлеуметтік нысандардың қиын жағдайға тап болуы мүмкін екенін түсінемін. Бірақ, жеке бизнесті түгелдей дерлік мемлекеттің мойнына артып қоюға болмайды.

Алаяқтыққа жол берілмейді. Кеңес заманындағы түрлі аймақтық қақтығыстарға қатысқан «арабтар» әлі күнге дейін әлеуметтік жеңілдіктерді пайдаланып келеді. Мен халыққа Жолдауымда Кеңес Одағының күйрегіне отыз жылдан астам уақыт өтсе де, «арабтар» күн өткен сайын көбейіп, незе екені белгісіз, жасаары бара жатқанын айттым.

Статистикаға қарасақ, Қазақстанда 740 мыңнан астам мүгедек адам бар екен. Еліміздің ешқандай қарулы қақтығысқа қатыспайтынын ескерсек, 20 миллион халқы бар мемлекет үшін мұның көптеу екеніне келісетін шығарсыз. Кезінде жауапты мекеме қызметкерлері мемлекеттен көмек алу үшін туыстарын, мәселен, гипертония диагнозы қойылған жасақандарын мүгедектер қатарына қосып жазу салғаны анықталып отыр. Мұндай заңсыз әрекеттер аз емес. Сондықтан, Үкімет пен құқық қорғау органдарына осы салада тәртіп орнатуы тапсырылды.

– Жаңа жыл қарсаңында Кремльде Тұңғыш президент Нұрсұлтан Назарбаев

Ресей басшысымен тағы да кездесті. Кремльге қарасты ақпарат құралдары бұл жайында кеңінен мәлімет таратты. Кездесу туралы көптеген пікір айтылып,

Тексеру жұмыстары, жалпы, әскердегі тәртіп қатаң сақталатынын көрсетті. Танымалдыққа ұмтылған кейбір блогерлер әскердегі шынайы ахуалға мүлдем жанаспайтын сөз таратып жүр. Олар армияны сарбаздар күн сайын дерлік қылмыскерлердің құрбанына айналып, қаза табатын жер ретінде көрсеткісі келеді.

өсек-аян өрбіді. Тіпті, Қазақстанда 2029 жылы болатын билік транзиті туралы сөз қозғалыпты, Назарбаев Владимир Путиннің тікелей қолдауымен сол істе ең басты рөл атқарғысы келеді екен деген алып-қашпа әңгіме шықты. Сіз былтырғы сұхбатыңызда Тұңғыш президент партияның ірі қайраткері ретінде көп уақытын өткізген Мәскеуді сағынатын болар, сондықтан ол жасқа жиі барады деп түсіндірген едіңіз. Дегенмен, көптеген азамат Сіздің осындай «саммиттерге» шынайы көзқарасыңызды білгісі келеді.

– Тұрақты түрде өткізіліп жүрген кездесулер бейресми сипатқа ие. Мұны Ресей президентінің өзі де атап өтеді. Таяуда өткен Санкт-Петербургтегі басқосуда Владимир Путин маған Нұрсұлтан Назарбаевтың оның өтініп сұрауы бойынша қабылдайтынын айтқан еді.

Ресей президентінің ерекшелігі: ол достарымен және әріптестерімен жылы қарым-қатынас құра біледі. Жұмысы өте қарбалас болса да, сенбі күні Қазақстанның Тұңғыш президентімен асықпай әңгімелесуге уақытын бөледі. Ол Нұрсұлтан Назарбаевты Еуразиядағы ықпалдастық үдерісінің бастауында тұрған тәжірибелі саясаткер ретінде бағалайды. Ресей бұл үдерісте жетекші рөл атқарып отыр. Кремльдегі кездесу Владимир Путиннің адамгершілігі жоғары екенін көрсетеді.

Ондай әңгімелер барысында не айтылғаны маған қызық емес, бұл туралы ешқашан сұрақ қоймаймын.

Халықаралық дау-дамайларда ара айырып болатын ешқандай ойым жоқ, сондай-ақ, бірқатар елдердің ұсыныс-пікіріне қарамастан, БҰҰ-дағы жұмысқа қайта оралатын ниетім де жоқ. Бірақ, жасабық кеңестер мен пікірталастарға қатысамын, оның үстіне бірқатар мемлекет басшылары менің пікірімді білгісі келеді. Мен үшін осы маңызды жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялаудың еш қажеттігі жоқ, себебі популизмнен аулақпын. Бұл ұстанымым жасабық кеңестерге қатысушылар үшін де маңызды болса керек.

Ал, Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке басына келер болсақ, мен оны қазіргі қазақ мемлекеттігінің негізін қалаған тұлға деп санайтынымды бірнеше рет айттым. Оның мемлекеттік институттарды және экономиканың нарықтық тетіктерін құру, жаңа астанамызды салу жолындағы еңбегін бөрі біледі. Өзіңізге мәлім, біз Қазақстанды Әділдік, Зан және Тәртіп орнаған ел еткіміз келеді. Сондықтан, ешкімді алааламай, әр азаматтың еңбегін әділ бағалау керек. Бұл еліміздің Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа да қатысты.

– Ал билік транзиті туралы не айтасыз? – Бұл жөнінде сөз қозғауға әлі ерте, алдымызда табанды жұмысқа толы бірнеше жыл бар.

– Кейбір сарапшылар парламенттік реформа бір ғана мақсатпен – Парламент төрағасы лауазымын мемлекеттік басқару жүйесіндегі ең басты лауазымға айналдыру үшін ғана өткізіледі деп санайды. Сіз бұл лауазымды өзіңізге дайындап жатырсыз деген де сыбыс бар... – Бұл – бос әңгіме. Мұндай пікір менің саяси қағидаттарыма қайшы келеді. Мен Қазақстанның президенттік басқару үлгісіндегі мемлекет екенін бірнеше рет айттым. Осыдан 8 жыл бұрын, яғни Ақордаға келгенге дейін «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жарияладым. Жеке бастың қамын күйттеп, мемлекеттік жүйені тұтастай өзгерте салу барып тұрған жауапсыздық, тіпті, адамгершілікке қатпайтын әрекет болар еді.

Еліміз үшін аса маңызды реформаның бәрі жалпыхалықтық референдумға шығарылады. Бұл жерде ешқандай астыртын ойлар жоқ. Менің ұстанымым баршаға белгілі, саяси реформалар жалғаса береді. Ұзақ мерзімге арналған жоспардың бір бөлігі әдеттегідей жақын арада жарияланады.

– Биыл саяси тұрғыдан алғанда қандай жыл болмақ?

– Қазірдің өзінде нақты айта аламын: биыл ел тағдырына тікелей әсер ететін, Қазақстанның ұзақ жылдарға арналған бағыт-бағдары айқындалатын жыл болады. Мен конституциялық реформаға қатысты референдум өтетінін алдын ала айттым. Қазір сарапшылар тобымен бірге Ата заңымыздың редакциясына қатысты ұсыныстарды қарап жатырмын. Жоспарланған өзгерістер өте көп, бәрі тұтаса келгенде жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар қадам жасаймыз деуге болады.

– Биыл Қазақстан халқы қастерлі Тәуелсіздігіміздің 35 жылдық мерейлі

Соңғы жылдары Қазақстанда тарихты талқылау сәнге айналды. Түрлі подкасттар, фильмдер, мақалалар мен кітаптар шығып жатыр. Әрине, халықтың төл шөкіресін тануға деген қызығушылығын түсінуге болады. Жалпы, бұл – құптарлық дүние. Алайда, өкінішке қарай, мемлекетке кесірі тиетінін жете түсінбей, көпшіліктің көңілін табу үшін ойдан шығарылған деректер мен жалған ақпараттар таратпайтын, халқымыздың басынан өткен қиындықтарға өзге жұртты кінәлайтын тарихшысымақтар пайда болды. Жұрт олардың сандырағына сеніп, өткен дәуірдің жалған батырларын ұлықтай бастады. Мұның соңы жақсылыққа апармайды. Бұл – ақиқат жолы емес, керісінше «жалған түсінік туғызатын теріс жол».

белеске жеткенін атап өтеді. Бұл – тарих тұрғысынан алғанда қас-қағым сәт болғанымен, жекелеген мемлекеттер мен адамдар үшін біршама ұзақ мерзім. Сіз Қазақстанның жүріп өткен жолын қалай бағалар едіңіз? Алдағы бағдарымыз қандай?

– Мемлекет құру ісінің куәгері болған және бұл іске атсалысқан азамат ретінде «осы жылдарда Тәуелсіз Қазақстанның игілігі үшін өте көп жұмыс атқарылды» деп айта аламын. Иә, жетістіктермен қатар, қателіктер де болды. Онсыз мүмкін емес қой?! «Білмейтін жолдың ой-шұңқыры көп» деген сөз бар. Қалай болғанда да, еліміз бұраланы көп, бағдары бұлыңғыр, күрделі жолды жүріп өтті. Жер жүзінде Қазақстанға тілеуестік білдіргендер аз болған жоқ, бірақ жымымсық ниет танытқандар да бар еді. Өткен ғасырдағы 90-шы жылдардың басында шетелдерде «қазақтардың қолынан ештеңе келмейді» деген пікір айтылып жүрді. Өйткені, демографиялық ахуал мен кенес дәуірінен қалған саяси және экономикалық жағдай табысты мемлекет құруымызға қолбайлау болатындай көрінді.

Өмірдің өзі бұл болжамдарды жокқа шығарды. Қазақстан экономикасы қарқынды дамып жатқан, халықаралық беделі жоғары, табысты мемлекетке айналды. Бірақ, алдымызда тәжірибесі мол азаматтарға да, жастарға да ортақ орасан зор жұмыс бар.

– Жұрт Сізді жеке тұлға ретінде де тани түскісі келеді. Сіз жеке өміріңізді көпшілікке жария етуді ұната бермейтін сияқтысыз. Өзіңізді жақсы білетін адамдар «ол жазба мәтіндерге өте мұқият қарайды және асқан табандылықпен жұмыс істейді» дейді. Жеке басыңызға қатысты осындай сұрақтар аз емес. Осының бәрін қорыта айтсақ, Сізді жан дүниесі мен мінез-құлқы қандай адам деуге болады?

– Мен 1975 жылы КСРО Сыртқы істер министрлігінің табалдырығын алғаш рет аттадым, мемлекеттік қызметке келгеніме былтыр 50 жыл болды. Алғашқы мамандығым бойынша мен – қытайтанушымын. Бұл кәсіп айрықша табандылықты қажет етеді. Шынымен де, мәтінмен жұмыс істеуге әбден дағдыланғаным, нашар стилді, әсіресе, әріп қатесін сұқамын сүймейді. Жолдауларымды, сөйлейтін сөздерімді, мақалаларымды, тіпті, әріптестеріме жолдатын хаттардың бәрін тікелей өзім қарайтынымды аппараттағылардың барлығы біледі.

Саналы ғұмырым темірдей тәртіпті, зор жауапкершілікті, жүйелі жұмыс істеуді талап ететін мемлекеттік қызметте өтіп келеді. Мұның бәрі менің мінез-құлқым мен дүниетанымым аз есерін тигізді. Сондықтан, «Сіз кімсіз?» деген сипаттағы сауалыңызға қысқаша ғана «мен – мемлекетшіл адаммын» деп жауап берейін.

– Жакында АҚШ президенті Дональд Трамп өзінің денсаулығы туралы мәліметтерді жариялады. Осы тұрғыдан алғанда, Сіз көп ашыла бермейсіз. Дегенмен, денсаулығыңыз жайлы түрлі әңгіме айтылып жатады. Кейбіреулер Сіздің салмақ тастап, сергек көріне бастағаныңызды атап өтсе, енді біреулер оған керісін пікір білдіріп жүр. Бұл туралы не дер едіңіз?

– Денсаулығым жақсы, қан қысымым қалыпты. Күн сайын йогамен шұғылдандуды әдетке айналдырдым, бірақ медитация жасаймаймын. Бұрынғы кәсіпқой спортшымен аптасына екі рет үстел теннисін ойнаймын. Расымен, тоғыз келі салмақ тастап, өзімді әлдеқайда жайлы сезінетін болдым.

– Президент мырза, бүгін өте мазмұнды әңгіме болды. Халықты толғандыратын көптеген маңызды мәселені талқыладық. Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін тағы да алғыс айтамын.

– Мен әрдайым қоғамның көңіл-күйі мен азаматтардың мүд-мұқтажын біліп отыруға тырысамын. Түйткілді мәселелер мен жоба-жоспарларды ашық әрі тура айтамын. Қазақстанның әлеуетін еселей түсу үшін әлі көп жұмыс істеуіміз керек. Біз бір ел болып, халықтың мүддесін қорғау жолындағы биік мақсатымыздың бәрін жетеміз. Мен бұған кәміл сенемін.

Газеттеріңіздің жұмысы табысты болсын! Редакция қызметкерлеріне менен лұғай сәлем айтыңыз.

Мемлекет басшысының "Turkistan" газетіне берген сұхбатынан ықшамдалды 5.01.2026 жыл

Сұрағым бар...

ЕМХАНАДА ЕСЕПТЕ ТҰРҒАН АЗАМАТТАР МӘМС ТУРАЛЫ НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

Күдік пайда болды – тексерді. Ең маңызды өзгерістердің бірі – әлеуметтік маңызы бар ауруға күдік болған жағдайда (бекітілген тізбе бойынша) қажетті тексерулер сақтандыру мәртебесіне қарамастан тағайындалады. Бұрын ол тек тубер-кулез немесе АИТВ инфекциясына күдік болған кезде ғана мүмкін еді.

Ал қатерлі ісік немесе бауыр циррозы қауіп анықталған жағдайда тексерулер тек сақтандырылған азаматтарға ғана көрсетілді. Себебі бұл қызметтер МӘМС пакетіне кірді.

2026 жылдан бастап ТМККК аясында тексеру және емдеу келесі әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша көрсетіледі:

- туберкулез;
- АИТВ инфекциясы;
- қатерлі ісіктер;
- созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы;
- психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар;
- орфандық аурулар;
- жүйке жүйесінің дегенеративті аурулары;
- орталық жүйке жүйесінің демелинизациялаушы аурулары;
- эпилепсия;
- жедел миокард инфаркті (алғашқы 6 ай ішінде);
- инсульт (бір жыл ішінде).

Әлеуметтік маңызы бар және кең таралған ауруларды ерте анықтау мақсатында скринингтік тексерулер, оның ішінде қатерлі ісікке арналған скринингтер де сақтандыру мәртебесіне қарамастан ТМККК аясында жүргізіледі.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру пакетіне диспансерлік есепте тұрған азаматтардың бірқатар созылмалы аурулары бойынша бақылау мен емдеу енгізіледі. Бұл тізімге келесі ауру түрлері кірді:

- қант диабеті;

- балалардың церебралды сал ауруы;
- дәнекер тіннің жүйелі аурулары;
- ревматизм;
- артериялық гипертония;
- жүректің ишемиялық ауруы және өзге де жүрек аурулары (жүрек жеткіліксіздігі, жүрек ырғағының бұзылыстары);
- төменгі тыныс жолдарының созылмалы аурулары;
- Бүйрек аурулары, оның ішінде гломерулярлық аурулар, созылмалы бүйрек ауруы;
- ас қорыту жүйесінің аурулары;
- сүйек-бұлшықет жүйесі мен дәнекер тін аурулары.

Бұл диагноздары бар адамдарға амбулаториялық және стационарлық жағдайларда, соның ішінде дәрі-дәрмек-пен қамтамасыз етуді, қымбат дәрі-дәрмектерді қоса алғанда, барлық қа-жетті ем түрлерін алуға мүмкіндік береді. Мысалы, Қазақстанда 1,5 миллион адам артериалды гипертензия бойынша есепте тұр.

Аталған ауру түрі алғашқы медици-налық-санитарлық көмек деңгейінде басқарылатын ауруларға жатады және динамикалық бақылауды дұрыс ұйымдастырған жағдайда толық бақылауда болады. Мұндай пациенттерге кардиологқа уақы-тылы қаралу, жағдайын бағалау және дәрілік терапияны тағайындау үшін қажетті тексерулерді өту қажет. Мысалы, электрокардиография, холтерлік мониторинг, тәулік бойы артериалды қысымды бақылау. Денсаулық сақтау саласының заңға енгізілген өзгерістер бойынша жұмыс жасаған мамандарының айтуынша, созылмалы аурулар жиі асқынұлар тудырады, себебі пациенттер өз тарапынан дәрігердің тамақтану, ұйқы режимі, дәрі-дәрмек қабылдау, аралық қабылдауларға келу сияқты ұсыныстарын жеткілікті деңгейде

сақтамайды.

Сонымен қатар жыл сайын мидың қан айналымы мен жүрек бұлшықетінің бұзылуының (инсульт, инфаркт) 50 мыңға дейінгі жағдайы тіркеледі.

Аталған ауруларды емдеу құны заманауи жоғары тиімді технологияларды қолдануға байланысты 7 миллион теңгені құрайды, бұл көптеген азаматтар үшін күтпеген шығын болары сөзсіз.

Амбулаториялық диализ алатын бір пациенттің орташа шығыны жы-лына шамамен 5 миллион теңгені құрайды.

МӘМС жүйесінің негізгі міндетте-рінің бірі – медициналық көмек алу барысында азаматтарды кеңеттен туындайтын жоғары шығындардан қорғау. Олар жүйеге 51000 теңге келе-мінде жарна төлеп, барлық меди-циналық қызметтердің толық тізіміне қол жеткізеді. Осылайша күтпеген жоғары шығындардан өзіңізді қорғап, денсаулығыңыздың жай-күйін бақылауда ұстау үшін МӘМС жүйесінде мәртебеңізді дер кезінде рәсімдеп, кейін жарналарды тұрақты түрде төлеу маңызды.

Аталмыш диагноздары бар азаматтардың көпшілігі жеңілдік санаттарына кіреді және мемлекет есебінен сақтандырылған. Тағы бір бөлігі D және E санаттарына жатады, олар келесі жылдан бастап жергілікті атқарушы органдардың жарналары есебінен сақтандырылмақ. Сондай-ақ, экономикалық тұрғыдан белсенді азаматтар өз денсаулығы үшін жауапкершілікті бөлісуге қабілетті.

Жалпы, енгізілген түзетулер ден-саулық сақтау жүйесінің қаржыландыру моделін сақтандыруға негізделген жүйеге жақындатуға мүмкіндік береді, бұл модельді әзірлеу кезінде бастапқыда жоспарланған бағытқа сәйкес келеді.

Әлеуметтік медициналық сақтан-дыру қорының баспасөз қызметі

ЖЕКЕ КУӘЛІК ТЕГІН БЕРІЛЕДІ

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап қазақстандықтар жеке куәлікті алғаш рет алатын болса немесе жарамдылық мерзімі аяқталған кезде ауыстырған жағдайда мемлекеттік баж салығын төлемейді. ІІМ Көші-қон қызметі комитетінің төрағасы Аслан Аталықовтың айтуынша, бастама құжаттандыру рәсімдерін жеңілдетуге және халықтың қаржылық жүктемесін азайтуға бағытталған. Жеке куәлік алғаш рет берілген кезде тегін болады. Сонымен қатар оның қолданылу мерзімі аяқталған соң ауыстырылған жағдайда да мемлекеттік баж алынбайды.

ЕҢ ЖИІ ТӨЛЕНЕТІН АЙЫППҰЛ ТҮРЛЕРІ ҚАНШАҒА ӨСЕДІ?

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес, **көлік шиналарын маусымға сай ауыстырмаған** жүргі-зушілерге 21 625 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Егер сіз бұл заң бұзушылықты бір жыл ішінде қайта-ласаңыз, айыппұл 86 500 теңгеге өседі. Заң бойынша сағат 22.00-ден 9.00-ге дейін шулауға болмайды. Тұрғын үй ғимараттары мен тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарына жұмыс күндері сағат 22.00-ден таңғы 9.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23.00-ден таңғы 10.00-ге дейін **тыныштықты бұзуға тыйым салынады**.

Түнде көршілеріңіздің тыныштығын бұзғаныңыз үшін:

Жеке тұлғаларға 21 625 теңге. Бір жыл ішінде қайталанса 43 250 теңге айып салынады.

Кәсіпкерлерге салынатын айыппұл сомасы 86 500 теңгеден 648 750 теңгеге дейін барады.

Көшеде, подьезде ішімдік ішкен немесе масаң күйде келген адамға 21 625 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. 18 жасқа толмаған жасөспірім болса, оның ата-анасы дәл осындай мөлшерде айыппұл төлейді.

Егер бұзақылық бір жыл ішінде қайталанса 43 250 теңге мөлшерінде айыппұл салу, немесе бес тәулікке дейін қамаққа алу қарастырылған.

Бір айдан артық мерзімде **жеке куәліксіз жүрген, тұрғылықты немесе уақытша тұратын жеріне тіркелмегендерге** 30 275 теңге мөлшерінде айыппұл қарастырылған.

Ал пәтеріне тұрмайтын адамдарды тіркеген жеке тұлғаларға 43 250 теңге айыппұл салынады.

Бір жыл ішінде осы құқық бұзушылық қайталанса 56 225 теңге төлеуге тура келеді.

Кәмелетке толмаған балалары 22.00-ден кейін ойын-сауық мекемелерінде болса, ата-анасына 12 975 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Ойын-сауық мекемесінің иелері де түнде 18 жасқа толмаған балаларды кіргізгені үшін 43 250 теңгеден 432 500 теңгеге дейін айыппұл төлейді.

Ал бала 23.00-ден 6.00-ге дейін үйден тыс жерде жүрсе ата-анасына ескерту жасады, ал бұл әрекет бір жыл ішінде қайталанса 30 275 теңге айыппұл қарастырылған.

ЖЕКЕ КЛИНИКАДА МӘМС БОЙЫНША МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры жеке клиникаларда МӘМС бойын-ша медициналық қызметтерді алу мүмкіндігін түсіндірді. Бұл мүмкіндік әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін әзірлеу кезінде бастапқыдан қарастырылған және бүгінгі күнге дейін қолданыста, – дейді Қордың баспасөз қызметі.

- **Ол қалай жұмыс істейді?**
- Қызмет көрсететін емхана өз пациентіне МӘМС жүйесінде жұмыс істейтін кез кел-ген клиникаға жолдама бере алады. Бұл жағдайда пациент медициналық қызмет үшін ақы төлемейді. Себебі көрсетілген қызметті қаржыландыру Қор тарапынан қосалқы орындау шарты аясында жүргізіледі.

- **Қай кезде қолданылуы мүмкін?**
- Егер қызмет көрсететін емханада белгілі бір консультацияны алуға қажетті профиль-ді дәрігер болмаса немесе белгілі бір диагностикалық қызметті өткізуге арналған жабдық жетіспесе пациентті басқа клиникаға жібереді. Мысалы, бірқатар алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарында тіркелген халық саны аз болғандықтан, кейбір тар бейінді дәрігерлер (мысалы, пульмонолог, аллерголог, ангиохирург) болмауы мүмкін немесе УДЗ, рентген аппараттары жоқ. Осындай қызметтер пациенттерге қажет болған жағдайда, олар-ды емхана қосалқы орындау туралы келісімшарт жасасқан клиникаға жібереді.

Сонымен қатар емханада қажетті мамандар мен жабдық болғанымен, жазылу бір айға толып қалған жағдайлар да кездеседі. Сондай-ақ қажет маман еңбек демалысында бол-са немесе жабдық уақытша істен шықса осы механизм қолданылады. Мұндай жағдайда пациент қажетті медициналық қызметті алу үшін басқа клиникаға, оның ішінде жеке клиникаға жолдама сұрауға құқылы.

Маңызды! Жолдама тек Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының жеткізушілер базасында тіркелген жеке клиникаларға ғана беріледі. Бұл ретте пациенттің емханасы мен аталған клиника арасында қосалқы орындау шартының бар-жоғы маңызды емес. Себебі жолдама жасалған кезде ол ақпараттық жүйеде автоматты түрде қалыптастырылады.

Жеке клиникада пациенттер тек консультация алып, немесе диагностикалық процеду-ралардан өтіп қана қоймай, күндізгі немесе тәуліктік стационар жағдайында, оның ішінде МӘМС шеңберіне кіретін әртүрлі операцияларды жасау үшін де ем қабылдай алады.

- **Пациент құқығы қалай қорғалады?**
- Егер пациент қажетті медициналық қызметке жолдама ала алмаса, ол емха-на жанындағы Пациенттерді қолдау және ішкі сараптама қызметіне жүгіне алады. Оң шешім болмаған жағдайда, бұл факті бойынша тексеру жүргізу үшін Қорға ресми өтініш жолдауға болады.

Қор атап өткендей кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті паци-ентке емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол пациенттің жағдайын зерттеп, шағымдары мен байқалатын белгілерін бағалайды. Тек тиісті көрсетілімдер болған кезде ғана зертханалық және аспаптық зерттеулерге немесе профильді маманның консультациясы-на жолдама береді.

Естеріңізге сала кетейік, МӘМС бойынша қызмет алу үшін сақтандырылған болу қажет.

ЖҮКТІ ӘЙЕЛДЕР ҚАЛАЙ САҚТАНДЫРЫЛАДЫ?

Жүктілік – денсаулыққа ерекше назар қажет ететін кезең. Осы ретте көптеген болашақ аналарды МӘМС жүйесінде сақтандырылған мәртебесін алу, жарна төлеу қажет пе, қандай медициналық қызметтерді тегін алуға болады?

Бұл мәселелер бойынша Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми өкілі Забира Оразалиева түсіндіріп берді.

– **Мен жүкті әйелмін және ресми түрде жұмыс істеймін. Маған жарна төлеу керек пе?**

– Егер сіз ресми түрде жұмыс істесеңіз, МӘМС-ке жарналар мен аударым-дарды жұмыс беруші төлейді. Ай сайын еңбекақыңыздан 2% мөлшерінде жар-на ұсталады. Ал, жұмыс беруші өз қаражаты есебінен 3% аударым жасайды. Жүктілік бойынша демалысқа шыққанға дейін бұл міндеттемелер толықтай жұмыс беруші тарапынан сақталады.

– **Мен жүкті әйелмін, еш жерде жұмыс істемеймін, жеке кәсібім жоқ. Сақтандыруды қалай аламын?**

– Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер мемлекет жарна төлейтін жеңілдік сана-тына жатады. Ол үшін өзіңіз тіркелген емханаға барып, жүктілік бойынша есеп-ке тұру қажет. Деректер жүйеге енгізілгеннен кейін әйелге сақтандырылған мәртебесі беріледі. Яғни, жарнаны өзіңіз төлеудің қажеті жоқ.

– **Мен жүкті әйелмін және жеке кәсіпкер ретінде тіркелгенмін. Табысым жоқ, «нөлдік» есеп тапсырамын. Жеңілдік санатына кіремін бе?**

– Жеңілдік санатына жұмыс істемейтін жүкті әйел ғана кіреді. Яғни, жүктілік бойынша есепте тұрған, ресми жұмыс істемейтін әрі жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеген әйел. Егер сіз жеке кәсіпкер ретінде тіркелген болсаңыз және қызметіңіз ресми тоқтатылмаса, МӘМС-ке жеке кәсіпкер ретінде жарна төлеуіңіз қажет (2025 жылғы төлем мөлшері – 5 950 теңге).

Жеке кәсіпкерліктің табысы болмауына байланысты «нөлдік» есепті тапсы-ра бересіз. Бірақ, төлем жүргізу тоқтамайды. Жеңілдік санатына ену үшін жеке кәсіпкерліктің қызметін ресми түрде тоқтату қажет.

– **Мен ресми жұмыс істемеймін, бірақ жүкті бола тұра жеңілдік мәртебесінен шығып қалдым. Нәліктен?**

– Жүйеде міндетті зейнетақы жарналары немесе әлеуметтік аударымдар пайда болған жағдайда жеңілдік мәртебесі алынып тасталуы мүмкін. Бұл – әйелдің табыс алып, «жұмыс істемейтін» санатына сәйкес келмейтінін білдіреді. Мұндай жағдай көбіне жүкті әйелдердің жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, ауда-рымдар жасауы салдарынан орын алады. Мәртебені қалпына келтіру үшін жеке кәсіпкерліктің қызметін ресми тоқтату қажет.

– **Жүкті әйелге МӘМС бойынша сақтандыру қажет пе?**

– Иә. Барлық жүкті әйелдер МӘМС жүйесінде сақтандырылған болуы тиіс Себебі, жүктілік пен босануға қатысты медициналық көмектің басым бөлігі МӘМС аясында көрсетіледі.

Жұмыс істейтін әйелдер жұмыс берушінің аударымдары есебінен, жеке кәсіпкерлер өз жарналары есебінен, ал жұмыс істемейтіндер – мемлекет есебінен сақтандырылады.

– **Жүкті әйел қашан және қай жерде есепке тұруы керек?**

– Әйел тұрғылықты мекенжайы бойынша тіркелген емханада есепке алына-ды. Егер бұрын басқа емханада қызмет алған болса, қоныс аударуына байланы-сты жақын аймақтағы емханаға тіркелуі қажет. Жүктілік бойынша медициналық есепке 12 аптаға дейін тұрған жөн.

– **Жүкті әйелді есеп кім қояды?**

– Жүкте алу үшін әйел тіркелген емхананың акушер-гинекологына жүгінеді. Қабылдау МӘМС аясында жүргізіледі және сақтандырылған мәртебесін талап етеді.

Егер әйел сақтандырылмаған болса, дәрігер жалпы практика немесе аку-шер қабылдауына жүгінуіне болады. Өйткені, бұл қызметтер ТМККК шеңберінде көрсетіледі.

Есепке тұрғаннан кейін және табыс болмаған жағдайда жүкті әйел жеңілдік санаты бойынша сақтандырылған мәртебесіне ие болады.

– **Жүкті әйелге емханада қандай медциналық қызметтер қолжетімді?**

– Есепке тұрғаннан кейін әйелдің жағдайы тұрақты бақылауға алынады. Жүктілік кезеңіне сәйкес зертханалық талдаулар, үш кезеңді перинаталдық скри-нинг аясында УДЗ зерттеулері, қажет болған жағдайда бейінді мамандардың кеңесі жүргізіледі.

Сонымен қатар әйел денсаулық жағдайына байланысты тәуліктік немесе күндізгі стационарға жолданады. Барлық қызметтер ТМККК және МӘМС аясын-да көрсетіледі.

– «Ана мен бала денсаулығы – денсаулық сақтау жүйесінің ерекше бақылауында. Сол себепті жүктілікті уақытылы есепке қойып, әр триместрде белгіленген тексерулерден өту маңызды. Бұл ана мен баланың денсаулығын қорғауға және асқынұлардың алдын алуға көмектеседі», – деп қорытындылады ӘМСҚ өкілі Забира Оразалиева.

8.1.2026 жыл

Тыйым салынған орындарда **теме-кі шеккені үшін азаматтарға** 64 875 теңге айыппұл салынады. Құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса айыппұлдың көлемі 86 500 теңгеге дейін өседі.

Ал ұшақта **темекі шеккені үшін** 216250 теңге төлеуге тура келеді.

Автобус аялдамалары, балалар алаңдарында да темекі шегуге тыйым салынған.

Көлік салонында **кәмелет жасқа толмаған балалар отырғанда** темекі шеккені үшін 43 250 теңге көлемінде айыппұл салынады. Осы заңсыз әрекет бір жылдың ішінде қайталанса, айыппұлдың мөлшері екі есеге 86 500 теңгеге артады.

Темекі бұйымдарына қыздырылатын темекісі бар бұйымдар, қорқорға арналған темекі, қорқор қоспасы, темекі қыздыруға арналған жүйелер, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтар жатады.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҒЫН МЕРЗІМІНЕН БҰРЫН ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын шешіп алуға болатын ең төменгі жеткіліктілік шегі орта есеппен 10 пайызға өседі. Алайда зейнетақы жинағының бір бөлігін алған кезде жеке табыс салығы салынбайды.

– **Жеткілікті шек деген не?**

– Жеткілікті шек – Бірыңғай жинақ-таушы зейнетақы қорындағы (БЖЗҚ) зейнетақы жинағының минималды көлемі. Бұл сома зейнетке шыққанда алатын ай сайынғы зейнетақы ең төменгі мөлшерден кем болмауы үшін шотта міндетті түрде қалуға тиіс. Артық сома болса азамат белгілі бір мақсаттарға пайдалану үшін мерзімінен бұрын шешіп ала алады.

Жеткілікті шек мөлшері адамның жа-сына байланысты өзгереді, яғни жасы ұлғайған сайын сома да арта түседі.

– **2026 жылдан бастап жеткілікті шек қалай өзгереді?**

– 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жеткілікті шек мөлшері орта есеппен 10%-ға өседі. Жеткілікті шек ең төменгі жалақы, зейнетақының ең төменгі мөлшері, ең төменгі күнкөріс деңгейі

секілді әлеуметтік-экономикалық көр-сеткіштерге және инфляцияға байла-нысты есептеледі. Өткен жылы 30 жастағы адам жинағында ақша 4580000 теңгеден асатын болғанда ғана ақша шешіп ала алса, биылдан бастап лимит 5 120 000 теңге болады. Яғни, зейнетақы жинағында қалуға тиіс ең төменгі сома бірден 540 мың теңгеге артты.

2026 жылғы шек мөлшері: 20 жас – 3 720 000 теңге; 21 жас – 3 850 000 теңге; 22 жас – 3 990 000 теңге; 23 жас – 4 120 000 теңге; 24 жас – 4 260 000 теңге; 25 жас – 4 390 000 теңге; 26 жас – 4 530 000 теңге; 27 жас – 4 680 000 теңге; 28 жас – 4 820 000 теңге; 29 жас – 4 970 000 теңге; 30 жас – 5 120 000 теңге; 31 жас – 5 270 000 теңге; 32 жас – 5 420 000 теңге; 33 жас – 5 570 000 теңге; 34 жас – 5 730 000 теңге; 35 жас – 5 890 000 теңге; 36 жас – 6 050 000 теңге; 37 жас – 6 220 000 теңге;

38 жас – 6 380 000 теңге; 39 жас – 6 550 000 теңге; 40 жас – 6 720 000 теңге; 41 жас – 6 890 000 теңге; 42 жас – 7 070 000 теңге; 43 жас – 7 250 000 теңге; 44 жас – 7 430 000 теңге; 45 жас – 7 610 000 теңге; 46 жас – 7 800 000 теңге; 47 жас – 7 990 000 теңге; 48 жас – 8 180 000 теңге; 49 жас – 8 370 000 теңге; 50 жас – 8 570 000 теңге; 51 жас – 8 770 000 теңге; 52 жас – 8 970 000 теңге; 53 жас – 9 180 000 теңге; 54 жас – 9 390 000 теңге; 55 жас – 9 600 000 теңге; 56 жас – 9 810 000 теңге; 57 жас – 10 030 000 теңге; 58 жас – 10 250 000 теңге; 59 жас – 10 480 000 теңге; 60-62 жас – 10 700 000 теңге.

Кейбіреулер «жеткілікті шектен асқан соң өзіме қажет ақшаны аударып ала аламын» деп ойлайды. Бірақ сол шектен қалған соманы ғана алуға болатынын біле бермейді.

– **Зейнетақы жинағын қандай мақсатта пайдалануға болады?**

– Жеткілікті шектен асқан қаржыны мына мақсатта пайдалануға болады:

Тұрғын үй немесе жер телімін сатып алуға;

Үй салуға;

Ипотеканы өтеуге, немесе бастапқы жарна ретінде қолдануға;

Емделуге, немесе қаржыны инвес-тициялық сенімгерлік басқаруға беруге болады.

Тұрғын үйді кейін сатып алу шарты-мен жалға алуға (жалға алу ақысын төлеу).

Өткен жылдың қыркүйек айынан бастап стоматологиялық, ал желтоқ-санынан бастап офтальмологиялық қызметтерге және пластикалық опера-циялар жасауға зейнетақы жинақтарын пайдалануға тыйым салынды.

– **Қайда жүгіну қажет?**

– Ең алдымен БЖЗҚ сайтынан, не-месе мобильді қосымшадан зейнетақы шотыңыздағы қаражатты қарап алыңыз. Егер жеткілікті шектен асса үстіндегі алуға болатын соманы жазып алыңыз; Арнайы шот ашыңыз;

enprf-obtasy.kz сайтына кіріп өтініш топтырып, ЭЦҚ арқылы қол қойыңыз;

Уәкілетті оператор өтінішті БЖЗҚ-ға қарауға жібереді;

Зейнетақы қоры соманың болуын тексеріп, бес жұмыс күні ішінде қара-жатты арнайы шотқа аударады;

Қаражатты мақсатты жұмсағаны-ңызды растайтын құжаттарды 20 күн ішінде уәкілетті операторға ұсынуы-ңыз қажет. Құжаттар уақытында тап-сырылмаса қаражат зейнетақы шоты-ңызға қайтарылады.

Зейнетақы жинақтарын тек уәкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банк-тер арқылы пайдалануға болады:

Отбасы банк – тұрғын үй және емделу;

Халық банк – тұрғын үй;

Банк центр кредит – тұрғын үй;

Altyn Bank – тұрғын үй;

Freedom bank – тұрғын үй.

– **Салық төленеді ме?**

– 2026 жылдан бастап жеке табыс салығын төлеу толығымен жойылады, яғни 1 қаңтардан бастап өтініш берсеңіз жинақтың бір бөлігін алған кезде ешқандай салық төлемейсіз.

ЗЕЙНЕТАҚЫ, ЖӘРДЕМАҚЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 4325 теңге болады.

2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда айлық есептік көрсеткіш (2026 жылы 4325 теңге) пен ең төменгі күнкөріс деңгейінің мөлшері (2026 жылы 50 851 теңге) өзгереді. Сәйкесінше зейнетақы, жәрдемақылар мен түрлі әлеуметтік төлемдер де артады.

– **Ең төменгі жалақы мен ең төменгі күнкөріс деңгейі қанша?**

– Ең төменгі жалақы мөлшері бұрынғыдай 85 мың теңге болып қала береді.

Базалық әлеуметтік төлемдерді есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейі 2026 жылға 50 851 теңге шамасында белгіленді. 2025 жылы ең төменгі күнкөріс деңгейі 46 228 теңге болған еді.

– **Зейнетақы қанша теңге болады?**

2026 жылы базалық зейнетақы мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты есептеледі.

Мемлекеттік базалық зейнетақының ең төмен мөлшері 35 596 теңге болады. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ы.

Төлем мөлшері азаматтың 1998 жылға дейінгі еңбек өтіліне байланысты өседі:

15 жыл еңбек өтілі бар азаматтар 40 680 теңге; Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 80%-ы;

30 жылдан көп еңбек өтілі бар азаматтар 55 936 теңге көлемінде

максималды базалық зейнетақы алады. Ең төменгі күнкөріс деңгейінің 110%-ы.

Ең төменгі зейнетақы 2026 жылы 69 049 теңге болады.

2026 жылы зейнетжасы ерлер үшін де, әйелдер үшін де бұрынғыдай қала береді: ерлер 63 жас, әйелдер 61 жаста зейнетке шығады.

– **Көпбалалы отбасылардың жәрдемақысы қанша болады?**

4 балаға 69 265 теңге; 5 балаға 86 598 теңге; 6 балаға 103 930 теңге; 7 балаға 121 263 теңге; 8 және одан көп балаға – әр балаға 4 АЕК мөлшерінде, яғни кемінде 138 596 теңге. «Алтын алқа» иелеріне 31 997 теңге; «Күміс алқа» иелеріне 27 680 теңге.

– **Бала туғанда берілетін біржолғы жәрдемақы мөлшері қанша?**

Бала туғаннан кейін әйелдерге жұмыс істесе де, істемесе де біржолғы мемлекеттік жәрдемақы беріледі. Жөргекпұл бала кезегіне байланысты:

Бірінші, екінші және үшінші балаға 164 350 теңге;

Төртінші және одан кейінгі балаларға 272 475 теңге.

Егіз, үшем немесе төртем болса, мемлекеттік жәрдемақы әр балаға жеке-жеке есептеледі.

– **Бір жарым жасқа дейінгі бала күттімі үшін берілетін жәрдемақы мөлшері қандай?**

Жұмыс істемейтін әйелдерге бала кезегіне қарай бір жарым жасқа толғанша ай сайын төлем беріледі:

Бірінші балаға 24 912 теңге; Екінші балаға 29 465 теңге; Үшінші балаға 33 951 теңге; Төртінші және одан кейінгі балаларға 38 503 теңге.

Егер анасы бала күттімі демалы-сына дейін ресми түрде жұмыс істеген болса, онда ол соңғы екі жылдағы орташа табысының 40%-ы мөлшерінде жәрдемақы алады.

– **Асыраушысынан айрылғандарға берілетін жәрдемақы мөлшері қандай?**

Асыраушысынан айрылғандарға берілетін жәрдемақы ең төменгі күнкөріс деңгейіне және адам санына байланысты есептеледі: ата-анасының бірі болмаған жағдайда балаларға немесе еңбекке жарамсыз отбасы мүшелеріне ай сайын 46 783 теңге;

екі адамға 86 447 теңге; үш адамға 114 415 теңге; төрт адамға 132 213 теңге; бес адамға 139 840 теңге; алты және одан көп адамға 152553 теңге беріледі.

Ата-анасының екеуінен де айырылған жетім балаға 78 311 теңге беріледі.

– **Мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақы қаншаға өсті?**

– Жеті жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 81 870 теңге мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

7 жастан 18 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға және бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға берілетін жәрдемақы:

I-ші топқа 111 872 теңге; II-ші топқа 93 057 теңге; III-ші топқа 81 870 теңге.

Ересектер арасындағы мүгедектер бар адамдар:

I-ші топқа 111 872 теңге; II-ші топқа 89 498 теңге; III-ші топқа 61 021 теңге беріледі.

Апат, жарылыс, радиация, экологиялық төтенше жағдай салдарынан мүгедек болып қалған қызметкерлерге:

I-ші топқа 163 739 теңге; II-ші топқа 139 840 теңге; III-ші топқа 117 466 теңге беріледі.

Кәсіби әскери және арнаулы органдар қызметкерлері қызметтік жарақат, мертігу, ауру салдарынан мүгедек болса:

I-ші топқа 200 357 теңге; II-ші топқа 154 589 теңге; III-ші топқа 117 466 теңге беріледі.

Мүгедектігі бар баланы тәр-биелеп отырған анаға, немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға ол 18 жасқа толғанға дейін тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы 81 870 теңге беріледі.

"Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" КеАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Ж.Ә.АБДУСАМЕТОВ:

МЕМЛЕКЕТ КІМДЕРГЕ ЖАРНА ТӨЛЕЙДІ?

2026 жылдан бастап Қазақстанда тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі (ТМККК) мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесіне қатысты медициналық көмек пакеттерінің құрылымында ауқымды өзгерістер күшіне енеді. Бұл өзгерістер 2025 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген және бюджеттік мүмкіндіктермен үйлестірілген, азаматтарға қажетті медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ететін мемлекеттік базалық медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыруға бағытталған.

болса, онда уақытша төлем тоқтатылған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады. Бұған дейін бұл мерзім 3 ай болатын.

Медициналық көмектің бірыңғай пакеті. 2026 жылдан бастап әлеуметтік маңызы бар ауруларға күдік туған жағдайда диагностика МӘМС-тегі мәртебесіне қарамастан барлық пациенттерге тағайындалады. Бұған дейін бұл мүмкіндік тек туберкулез бен АИТВ-инфекциясына қатысты болса, онкологиялық және өзге де ауыр дерттер бойынша тек сақтандырылған азаматтар ғана тексеруден өте алатын. Енді *туберкулез, АИТВ-инфекциясы, қатерлі жаңа түзілімдер, созылмалы вирустық гепатиттер мен бауыр циррозы, психикалық және мінез-құлықтық бұзылыстар, орфандық және неврологиялық аурулар, эпилепсия, миокард инфаркті (алғашқы 6 ай ішінде) және инсульт ауруларын (бір жыл ішінде)* диагностика мен емдеу қолжетімді болады:

Сонымен қатар барлық скринингтік тексерулер, оның ішінде онкоскринингтер сақтандырылу мәртебесіне қарамастан тегін жүргізіледі.

Созылмалы бірқатар аурулар бойынша емдеу және динамикалық бақылау МӘМС пакетіне ауыстырылады. Олардың қатарына *қант диабеті, артериялық гипер-тензия, жүректің ишемиялық ауруы, тыныс алу жүйесінің, бүйректің, ас қорыту ағзаларының, тірек-қимыл аппаратының, ревматологиялық* және өзге де аурулар кіреді.

Бұл пациенттерге амбулаториялық және стацио-нарлық жағдайда медициналық көмектің толық көлемін, соның ішінде қымбат дәрілік препараттармен қамтамасыз етуді алуға мүмкіндік береді.

Азаматтарды қаржылық қорғау. Елде жыл сайын инфаркт пен инсульттің 50 мыңға дейінгі жағдайы тіркеледі, бұл ретте емдеу құны 7 млн. теңгеге дейін жетуі мүмкін, ал амбулаториялық диализдің жылдық құны шамамен 5 млн. теңгені құрайды. МӘМС жүйесі азаматтарды осындай аса жоғары шығындардан қорғауға бағытталған: дербес төлеуші үшін жылына шамамен 51 мың теңге (*4 250 теңге × 12 ай*) мөлшеріндегі жарнаны төлеу арқылы медициналық қызметтердің толық пакеті қолжетімді болады.



Халықты қамту аясын кеңейту. Ағымдағы жылдың 17 желтоқсанындағы жағдай бойынша Қызылорда облысында 818 629 адам тіркелген, оның 684 171 сақтандырылған, бұл тіркелімдегі халықтың жалпы санының 83,6 %-ын құрайды. Ал 134 458 азаматтың, яғни 16,4% адамның МӘМС жүйесіндегі сақтандыру мәртебесі жоқ.

Үкіметтің 2024 жылғы 07 шілдеде өткен кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы жергілікті атқарушы органдардың жауапкершілігін арттыруды тапсырып *«Әлеуметтік осал санаттарға жататын азаматтар үшін медициналық сақтандыруға аударымдар жергілікті бюджет есебінен төленуі тиіс»*, деді.

Осыған байланысты Заң талаптарына өзгерістер енгізіліп, халықты МӘМС жүйесімен барынша қамтуға мүмкіндік беретін жаңа шаралар қабылданды. Енді жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік әл-ауқат деңгейі бойынша дағдарыстық және шұғыл жағдайдағы, яғни D және E деңгейі санаттарына жататын азаматтар үшін МӘМС жарналарын төлейтін болады.

Аталған шара Қызылорда облысында сақтан-дырылмаған азаматтар санын азайтуға ықпал етеді. Сақтандырылмаған азаматтардың жалпы санының, яғни *134 458 адамның* ішінде созылмалы аурулары бар **4 823** адам әлеуметтік осал топтарға жатады, D санатында — 3 455 адам, E санатында — 1 368 адам.

Сонымен қатар ресми тіркелген жұмыссыздар үшін де жарналар жергілікті бюджет есебінен төленетін болады. Бұл өз кезегінде халықты жұмыспен қамту мәселелерінде әкімдіктердің жауапкершілігін арттырады. Өңірлер жұмыс орындарын құруға, кедейлікті азайтуға және халықты жұмыспен қамту бойынша белсенді шаралар қабылдауға ынталы болады.

Жарна төлеуде үзіліс болған жағдайда сақтандыру мәртебесін сақтау. МӘМС жүйесінде медициналық көмекті үздіксіз алу үшін жаңа талаптар енгізілді. Енді азаматтар кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген

КОЛЛЕКТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ КЕЗІНДЕ НЕНІ ЕСКЕРУ МАҢЫЗДЫ?

Қазақстандағы коллекторлық агенттіктердің қызметі «Коллекторлық қызмет туралы» Заңмен реттеледі және белгіленген қағидалар шеңберінде жүзеге асырылады.

- **Кредитор коллекторға борышты қашан береді?**

Банктер мен микроқаржы ұйымдары қарыз алушыны төлем мерзімі өткені туралы хабарлар етеді және қайта құрылымдауды ұсынады. Егер берешек реттелмесе және мерзімі 90 күннен асса, кредитор борышты сатуға (құқықтарды (талаптарды) беруге) немесе оны коллекторлық агенттікке сотқа дейінгі өндіріп алуға беруге құқылы.

Алайда, 2024 жылғы 1 шілдеден бастап азаматтар-дың коллекторлық агенттіктерге кредиторі бойынша құқықтарды (талаптарды) беруге екі жылдық мо-раторий енгізілді, ол 2026 жылғы 1 мамырға дейін қолданылатын болады. Мораторийді 2027 жылғы 1мамырға дейін ұзарту мүмкіндігі де қарастырылуда.

Осы кезеңде азаматтардың борыштарын коллек-торларға сатуға тыйым салынады және реттеу тек қайта құрылымдау, айыппұлдарды, өсімпұлдар мен комиссияларды кешіру немесе талап ету құқығынан өтпестен берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға беру арқылы мүмкін болады. Мораторий аяқталғаннан кейін борышты беру 24 айдан астам кешіктірілген және кредитор өсімпұлды міндетті түрде кешіре оты-рып, реттеу рәсімдерін жүргізген кезде ғана шешіледі.

- **Борышкердің қандай құқықтары мен міндеттері бар?**

- коллекторлық агенттіктен коллекторлық агенттік туралы, берешектің мөлшері мен құрылымы туралы мәліметтер алуға;

- коллекторлық агенттіктің талаптарын сотта даулауға;

- берешекті коллекторлық қызмет туралы заңда көзделген тәртіппен реттеуге;

- коллекормен өзара іс-қимыл жасауды ынғайлы әдісі мен кезеңін таңдауға, коллекормен өзара әрекеттесу процесін дербес бекітуге;

- Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне коллекторлық агенттіктің әрекеттеріне (әрекетсіз-дігіне) шағымдана отырып жүгінуге құқылы.

- мекенжайы, телефон нөмірі және жеке басын куәландыратын құжаттардың деректері өзгергені туралы коллекторлық агенттікке хабарлауға;

- берешекті реттеу мақсатында коллекторлық агенттікпен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

- **Коллекторлар қалай жұмыс істеуге тиіс?**

- жұмыс күндері сағат 08:00-ден 21:00-ге дейін күніне үш реттен артық емес қоңырау шалуға;

- борышкермен аптасына үш реттен артық емес және жұмыс күндері сағат 00-ден 21.00-ге дейінгі кезеңде бі рреттен артық емес кездесуге;

- ұялы байланыс арқылы жазбаша хабарламалар, мәтіндік немесе дауыстық хабарламалар жіберуге құқылы.

Коллекторлық агенттік борышкермен әрбір байланыста болған кезде коллекторлық агенттіктің атауы, орналасқан жері туралы хабарлауға, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөнін және лауазымын, кредитордың атауын хабарлауға міндетті.

- **Коллекторларға не істеуге тыйым салынады?**

- берешектің мөлшері, сипаты және пайда болу негіздері туралы борышкерді адастыру;

- дәйексіз аты-жөнін, сондай-ақ коллекторлық агенттік қызметкерінің жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді хабарлау;

- борышкердің ар-намысына, кәдір-қасиетіне және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін мәліметтерді тарату не борышкердің мүдделеріне мүліктік зиян келтіруі мүмкін мәліметтерді жария ету;

- борышкердің өмірі мен денсаулығына қауіп төн-діретін, сондай-ақ оған мүліктік және өзге де зиян кел-тіруге әкеп соқтыратын құқыққа қайшы әрекеттер жасау;

- зорлық-зомбылықты қолдану немесе борыш-кердің мүлкін жою немесе бүлдіру, қорлау, алаяқтық, жалған құжаттар, бопсалау арқылы қысым көрсету.

Коллекторлық қызметті жүзеге асыру кезінде коллекторлық агенттікке:

берешекті өтеу есебіне ақшаны (қолма-қол немесе қолма-қол емес нысанда), сондай-ақ өзге де мүлікті қабылдауға;

берешекті ақшадан басқа мүлікпен өтеуді талап етуге тыйым салынады.

- **Құқықтарыңыз бұзылса, не істеу керек?**

Коллекторлардың заңсыз әрекеттері кезінде азаматтар шағымды Қаржы на

Кітапхана



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ СЫҢҒА ТҮСКЕН СӘТ

Қаңтар оқиғасы. Қаңтар қырғыны. Қаңтар трагедиясы. Қаңтар қасіреті. Қаңтар көтерілісі.

Бұдан төрт жылға жуық уақыт бұрын Қазақстанның ірі қалаларын түгел шырмап алып, он күн бойы дүниені дүр сілкіндірген дүрмекті дүлей дүрбелеңге қазір өркім өзінің қалауынша осылай баға беріп, ат қойып жатыр. Біздіңше, бұл анықтамалардың қай-қайсы болмасын, сол дабылды да, дауылды тәуліктердің тінін еш бүкпесіз, айна-қатесіз сипаттап бере алады. Тек соңғы дәлелдеме ғана қисынмен оншалықты қиыса қоймайды, себебі, көтеріліс деген сөз қашанда қарумен байланыста қолданылады, мұндай жағдайда шерушілер мен билік сақшылары арасында атыс орын алған болар еді. Ал қаңтардың сол түн қатып жүріп, түс қашпай өткен қатулы күндерінде, – әскери бөлімдер қоймаларынан қаншама қару-жарақ ұрланып, қолды болғаны-на қарамастан, – Құдай сақтағанда, қарулы қақтығысқа жол берілмеді.

ҚАҢТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Бірақ, қалай дегенде де, сол, 2022 жылғы 2-11 қаңтар күндері еліміз тәуелсіздігінің таразы басында тербеліп те, теңселіп те тұрғандығы, енді сәл болмағанда, біздің отыз жылға созылған егемендігімізді ернеуі шетінен, шегі келіп жететіні айдан анық-тын. Егер сол жолы шерушілер топтары іштеріне емін-еркін еніп алған «көлденең көк атты» басбузарлар дегендеріне жеткенде, біздің осы күні қай елде ғана емес, жалпы қандай халде отыратынымыз да беймағлұм еді. Шынында сол сұрапыл кезеңдері біздің мемлекетіміздің тағдыры, елдің ертеңі қыл көпірдің үстінде қалтылдап тұрды. Қазақстанның жаңа заманғы тарихында тап осы мезгілдегі шендес тәуелсіздігіміз сыңға түскен шатқаяқ шытырман шақтар бұрын-соңды болмапты. Ал заманында «мың өліп, мың тірілген» бостандық сүйіш, еркіндік көксегіш қазақ үшін ата-бабалары ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіздікке қол жеткізгеннен асқан биік тұғыр, оны сақтап қалғаннан артық абыройлы мүдде жоқ.

Иә, егемен елдің еңсесін көтеріп, ұрпақтан ұрпаққа жеткізе беру – біздің борышымыз әрі мақсатымыз. «Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығағ түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, отыз жыл – көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Біз де осындай жолдан өтіп келеміз», – деп жазды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Егемен Қазақстан» газетінің 2021 жылдың 5 қаңтары күнгі нөмірінде жарық көрген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» деген мақаласында.

«Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс», – деп атап өтті Қасым-Жомарт Кемелұлы бұдан әрі. Осылай деп ой тартқан Президент содан бір жарым ай уақыт бұрын, 2020 жылдың 22 қазаны күні алдағы 2021 жылды «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы» деп жариялаған болатын. Сондықтан аталмыш жыл толық осындай мазмұнмен өрнектелді. Жыл ішінде тәуелсіздікті ұлықтауға арналған мыңнан аса шарапатты шара өткізілді, олардың барлығы да той тойлауға емес, елдің еңсесін көтеретін көрнекті істерді жүзеге асыруға арналды. Соның аясында елордада қазақтың Дина Нұрпейісова, Қаншы Сәтбаев, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды толымды тұлғаларының ескерткіштері бой көтерді.

Жыл осылай өтті. Бұйлаынша айтқанда, жұрт алабөтен қауіптенетіндей, күдік кеулететіндей ешбір оқыс жайт болған жоқ. Алайда ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы ресми түрде атап өтілген 2021 жылғы 16 желтоқсаннан небәрі 17 күн өткенде, яғни 2022 жылдың 2 қаңтарында күптеген жерден Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен қаласында жергілікті тұрғындардың аса бір қуатты наразылық шеруі бүрк ете қалды. Оның «күтпеген жерден» екендігі онсыз да баяғыдан, тіпті сонау кеңес заманынан шерменделер шерулері қый орын алып тұратын қалада тағы да халықтың үйреншікті ереуілдеріне шыққанынан емес, сондай қозғалыстарының бірі артынша еліміздің көптеген аймақтарында өте тез әрі ұйымдасқан түрде іліп әкетіліп, жапатармағай қайталанып жатқанынан көрінді. Сондықтан шынында мұның артында әлеуетті біреулердің тұрғанына еш шүбә келтіруге болмайтын еді.

Наразылықтың дүмпуі сұйытылған газдың бағасы күрт өсіп кетуінен от алды. Енді мұның қаншалықты жойдасыз болғанына көз жеткізу үшін ептеген шолу жасап өтейік. Айталық, 2011 жылы Маңғыстау өңірінде автомобильге арналған газдың литрінің құны 30-35 теңге тұрса, ол содан бері қарай бірнеше мәрте өсімшілікке ұшырап, 2020 жылдың қаңтарында 55-тен 65 теңгеге дейін бір-ақ ырғыпты. Ал арада бар-жоғы тура екі жыл ғана өткенде, бұл мөлшер 120 теңгеге секіріп шыға келген. Демек, бірден екі есеге жуық өскен. Ендеше, осының өзі онсыз да азын-аулақ табысын біріне тартса, біріне жеткізе алмай, ыңырағын айналып жүрген қарапайым халықты қасақана ашындырып, ашуға ұрындырудың ойлап табылған айла-амалы емес екеніне кім келіп?

Сондықтан Жаңаөзен тұрғындары қаңтардың 2-сі, жексенбі күні оны 60 теңгеге дейін түсіруді талап еткен бейнеуңдеу жариялады. Өңірдегілердің

басым бөлігі көліктерін газбен жүргізеді, алайда Қазақстанда 2022 жылдың 1 қаңтарынан ең төменгі жалақы 60 мың теңге болып тұрғанда, жаңа бағаны олардың көпшілігінің қалталары көтере алмайтындары шүбәсіз-тің. Осыған қапа болған әлденеше жүздеген адам билік саясатына көңілдері толмайтынын білдіріп, бағаны бұрынғы қалпына апаруды талап ету үшін Жаңаөзеннің орталық алаңына таң азаннан жиналды. Соған қарағанда, олар газ бағасының осылайша қауырт өсіп кететінін де күні бұрын білген сияқты.

Алайда елдің ішін ала тайдай бүлдіріп, халықтың қалың қарасын билікті күшпен тартып алуға пайдаланбақ болған тоғышар топ дйттеген арам ойлары мен пасық пиғылдарын бөрібір жүзеге асыра алмады. Енді бүгінгі күннің биігі белдеуінен бажайлап көз салып қарап отырсақ, бұған нақты екі нәрсенің кедергі келтіргенін айқын аңғарамыз. Әлбетте, әуелі Жаратқан иеміз осыны қалаған шығар, содан кейін аяқ астынан төпелеп тап келген барлық тауқымет пен қысымға қайсарлықпен төтеп беріп, алған беті мен алға қойған мақсаты мұратынан бір мысалдай да қайтпаған Президент Қасым-Жомарт Тоқаев шын мәнінде өз өмірін тәуекелге тіге жүріп, біздің тәуелсіздігімізді сақтап қалды. Бұл тұжырым, бәлкі, біреудің ойы оябынан табылар, біреуге ұнай да қоймас, бірақ кім қалай деп топшыласа да, ақиқаттың ақтарылған астары тап осындай. Егер сол жолы Мемлекет басшысы сәл осалдық танытып, әлсіздік аңдатып, босандық көрсете қалса, жар астында жарылып отырған жасанған жау заматында Ақорданың төріне басып кіріп, онды-солды оңдырмай ойран салған болар еді.

Осы дүрбелең жүріп жатқан күндері Парламент Сенатының комитетін басқарған адам ретінде біз айтылып жатқан жайттың барлығын көзбен көріп, көңілге түйіп жүрдік, біраз нәрсеге куә болдық, біраз жайтқа қанықтық, осыған байланысты Президент жүргізген бірқатар жындыраға да қатыстық. Сол себепті төніп тұрған қатердің қаупін бір кісідей жетік сезіне білдік.

Мемлекет басшысы «Егемен Қазақстан» газетінің 2024 жылғы 3 қаңтар күнгі нөмірінде жарияланған басылым жетекшісі Дихан Қамзабекұлымен сұхбатында сөздің кезегі осы қасіретті Қаңтар оқиғасы тұрасына келгенде, «Мен бұл туралы көп ойландым, әлі де жиі ойланамын. Меніңше, қасіретті Қаңтар оқиғасына жылдар бойы қордаланған әлеуметтік-экономикалық проблемалар, жалпы тоқыраудың білік пен қоғамды аздырып-тоддыруы себеп болды», – деген екен. Өріне, ойлайды, әлбетте, ойланады. Тек қарақан басы, отбасы мен әулеті ғана емес, өзінің соңына ерген, дәргейіне жығылған бүкіл елінің болашағына балта шабылғылы тұрған аса бір соқтықпалы да соқталы сынақтың сорабында табаны күректей он күн мерзім болуы салауатты адам баласының санасынан ешқашан шығауқ емес. Жасыратыны жоқ, сол күндерді мен де әрдайым ойыма алып, еске түсіріп тұрамын. Сөйтіп, өз-өзімнен тәубама келіп, шүкіршілік қыламын.

Бүгінде уақыт ұзаған сайын сол бір күндері Президентіміздің жүрегі мен жүйкесіне қаншалықты салдауыр салмақ түскенін, қандай қиын таңдауға тап болғанын, әрбірден соң жаны қалай жападан жалғыз қалып, арыстандай алысып жүрген біздің эпостық жырлардағы батырларға ұқсатам. Бұлай деуге толық негізім бар. Біздің Мемлекет басшысы ел басына күн туған тұста ақиқатында жалғыз еді. Ол сол мәуритте кімге сеніп, кімге сенбесін де білмеген шығар. Мұның үстіне, құқық қорғау органдарының бәрінің дерлік басшылары сатқын болып шықты. Олар бұларын талапаң басталғанда жұмыс орындарын тастап кетулері арқылы толық айғақтап берді. Сол себепті Тоқаев үшін оларды шұғыл орындарынан алып, жаңа кадрлармен алмастырудан басқа амал қалмады. Осы сын сағаты соққан серіппелі күндерде Президент жанынан ең сенімді деген ат төбеліндей санаулы азаматтар ғана табылды.

«Мен 2019 жылы Президент болып сайланғаннан кейін мемлекетіміз саяси жүйені демократияландыруға, қоғамдық өмірге еркіндік сипат беруге, экономиканы монополиядан арылтуға бет бұрды. Реформаларды әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қоғам өкілдері, белсенді азаматтар, сарапшылар қатысты. Түрлі диалог алаң-

телеарнасының тілшісі Андрей Кондрашовқа берген сұхбатында қаңтардағы тәртіпсіздік кезінде елордадағы резиденциясында тұрғанын және республикадан кетуге ешбір ниеті болмағанын әңгімелеп берді. «Маған әуел бастан-ақ, әсіресе тырнақша ішіндегі кейбір жолдастар тік-ұшаққа, не ұшаққа мініп, Қазақстаннан ұшып шығуды ұсынғанда, өзімнің Астанадан ешқайда кетпейтінімді айтқам. Менің, әлбетте, ондай жоспарым болған жоқ, өзімді осында болуға тиіспін деп есептедім», – деді ол. Бұған төңкерістердің түпкі мақсаты қашанда билікке «мүлдем басқа адамдарды әкелуден тұратынын» қосты.

Ал ресейлік тарихшы-публицист Леонид Млечин 2022 жылдың соңында жарық көрген «Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков» деген кітабында дүрбелеңнің дәсеуілі күндері арнайы келіп жолыққан екі белгілі азаматтың Мемлекет басшысына «өз өмірін сақтап қалу үшін елден кетуді» ұсынғанын, оған сонымен бірге «алғашқы уақыттарда қажет» болатын аса ірі көлемде ақша берілетінін айтқандарын жазды. Бірақ, бәрімізге мәлім болғанындай, Тоқаев мұндай бопсалау мен қоқан-лоқყдан қорықпайтынын кесіп айтып, ешқайда қарыс қадам тап шыққан жоқ. Міне, оның осы батылдығы мен табандылығы арқасында ғана Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін сақтап қала алды.

Президент, әлбетте, жай қалып қоя салған жоқ, сол бойда қорғаныстың батыл шараларын жеделдете қолға алды. Ең алдымен Үкіметке нақты тапсырма бере отырып, оқиғаның барысын бақылап, мәмілегерлік саясатына бас болатын арнаулы комиссия құрғызды. Оның мүшелері қоғам өкілдерімен кездесіп, ортақ келісімге келу үшін бірден аймақтарға аттанды. Артынша көре көзге қысастық жасаған күштік құрылымдар басшыларын орындарынан алып, кейбіреулерінің үстерінен қылмыстық іс қозғатты.

Алайда көп ұзамай облыстардағы бейбіт жындыар соңы экстремистік сипат ала бастады. Мұны әдейі ұйымдастырып жүрген бұқпадағы қаскөйлер шерушілерді билікке қарсы одан бетер айдап салып, ортақ ымыраға келу үшін жүргізіліп жатқан келіссөздердің нәтижесіз аяқ-тала берулеріне күш салды. Осы текетірес ақыры екі жақты қақтығыстардың орын алуына алып барды. Сол тұста алдын ала дайындалған қылмыстық топтар іске қосылды. Олар әртүрлі құрал-жабдықтарды қолдана отырып, бейбіт шерулерді жаппай орын алған тәртіпсіздіктерге ұластырды. Бұдан әрі тәртіп сақшыларын ұрып-соғу, ғимараттарды қирату, өртеу, өзгенің мүлкін бүлдіру белең алды. Дүрбелең кезінде қарулы радикалдар мен лакеңстер бір жерден берілген бұйрықпен бір мезгілде мемлекеттік органдар мен күштік құрылымдар ғимараттарына, сол сияқты қару-жарақ дүкендеріне, әскери бөлімдердің қоймаларына шабуыл жасады, мородерлік әрекеттер кеңінен өрістеді. Сөйтіп, қанқұйлы қарақшылар топтары мемлекеттік төңкеріс жасау жөніндегі жоспарларын жылдам жүзеге асыруға ұмтылды, ал экстремистер, қылмыстық топтар және өсіредінішilder олармен бірге қимылдады.

Шынында сол кезде жалпы ахуал өте күрделі болатын, еліміз құрдымға кетуге шақ қалды. Президент мұның алдын алу үшін қолдан келетін әрекеттің бәрін істеді, ол қарсы қойылып жатқан шаралардың барлығын күндіз-түні өз бақылауында ұстады. Ал былайғы халықты басу және үрейге бой алдыртпау мақсатында теледидар арқылы ұдайы мәлімдемелер жасап, оларды атқарылып жатқан нақты тірілтер жөнінде құлақтандырып отырды. Осылайша екі апта бойы тапжылмай, елді Ақордада отырып басқаруының нәтижесінде біртіндеп қауіптің бетін қайтарып, тыныштық салтын қалпына келтірді.

Айтатыны жоқ, Қаңтар оқиғасы бір жағынан жұрттың жанын жүдеткен дүрбелең ретінде танылса, бір жағынан елдің есін де жығыған дүрлігіс болды. Өзүлгіде «Тәз-50» ұранымен көтеріліп, соңы әлеуметтік-саяси мәселелерді алға тартып, жаппай бүлікке жалғасқан қозғалыстың тектен тек кең өріс алып кетпегені анық. Егер сол оқиғалардың сұлбасынан кейін келіп, бір бүйірден қосылған бүлікшілер мен олардың арастасушылық әрекеттерін түгел сылып алып тастасақ, арғы жағынан қарапайым халықтың ашынғаннан шыққан ащы даусы арқылы айтылған шынайы талап-тілектері көлбеңдеп көрінер еді. Көптің бұлай аяға булығып, ашуға бой алдырып, бас көтерулерінде де себептер бар. Осы кезге дейін

Біз осы қателіктер түзетілгенде ғана онды қадамдар жасай аламыз. Қаңтар қырғыны орын алғалы бері бірнеше күн өтті, бірақ билік тарапынан ешқандай салиқалы экономикалық мәлімдеме болған жоқ. Сонда оның алдағы жоспары қандай? Олар бұл күйзелістерді реттеу мәселесін бизнесмендермен, салалармен және көпшілікпен қалай талқылауды кездеп отыр?» – деді ол бұдан әрі.

Ал экономист Рахым Ошақбаевтың пайымынша, Қаңтар оқиғасының ең басты бір себебі – халықтың несие жүктемесінің тым ауырлап кетуінде. Бірақ қаржыгерлер мен банкирлер мұнымен келісе қоймайды. Алайда дәл қазір 1,5 миллионға жуық адам банк алдындағы 90 күннен асқан берешектерін өтей алмай отыр. Олардың бәрі сот орындаушылар палатасының статистикасына кірген. Соңғы үш жылда атқару өндірісінің саны 1 миллионға жеткенін көрді. Әбден қаржылық дағдарыс тереңіне батқан адамдар саны 2-ден 3 миллионға дейін жетуі мүмкін. Базалық және сақтандыру секторы өскеніне қарамастан, Қазақстан халқы кедейленуде. Себебі, мемлекеттің байлығы әділ бөлінбеген. Мемлекеттік басқару билігі белгілі бір топтың қолына шоғырланып қалған. «Нәтижесінде барлық қадағалау олигополияның еншісінде. Көп жылдар бойы біз адамдардың төлем қабілеттілігі жоқтығына құқықтық мәртебе бере алатын жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң қабылдау керек деп айтып келдік. Өкінішке қарай, заң жобасы үміт сыйлап отырған жоқ. Біз өткеннен мүлде сабақ алмаймыз. Қаңтар оқиғасынан кейін де әдеттегі өмір салтымызға оралып алдық. Сондықтан ерте ме, кеш пе, Қаңтар оқиғасы секілді дүрбелеңге қайта кез боламыз», – деді экономист соңында. Біз бұл айтылып жатқан пікірлердің денімен келісеміз. Соның ішінде «сабақ алмау» хақындағы тұжырымды жоққа шығара алмасақ керек.

Шынтығында басы бейбіт басталып, ақыр соңында 238 адамның өмірін жұлып кететін, соның ішінде 19 күштік құрылым өкілдері жан тәсілім ететін Қаңтар қырғыны кез келген мемлекеттің талайлы тарих тауанында қай кездесе беретін кезекті келенсіз оқиғаның бірі емес еді. Елді еңсеріп әкеткен жаппай тәртіпсіздіктер салдарынан жалпы саны 4 656 адам өртүрлі дене жарақатын алса, олардың 3 393-ін күштік құрылымдар сарбаздары құрады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, осы оқиға күндері біздің мемлекеттігіміздің тағдыры шешілді, келешегіміздің үкімі кесілді, бұдан кейін қандай жолға түсіп, қалай күй кешетініміз айқындалды. Өкінішке қарай, қазір оның оябынан оншалықты орнықты ой қорытып, салиқалы сабақ алған қоғамға ұқсай қоймаймыз. Бұлай дейтініміз, содан бергі арада өткен үш жыл ішінде оқиғаның табиғаты мен тынысына терең үңіліп, оларға жан-жақты талдау жасалған еңселі еңбектерді көп көріп жатқан жоқтың. Біз бұлардың қатарында жоғары аталып өткен Леонид Млечиннің «Трагический январь. Президент Токаев и извлечение уроков», мемлекет және қоғам қайраткері Жақсыбек Құлекеевтің «Қаңтар оқиғасы: Ақорда үшін күрес» деп аталатын кітаптарын ғана атай аламыз. Дегенмен, қазір мәскеулік публицистің фолианты өз еліндегі оппоненттері тарапынан негізінен бір жақты позициямен жазылған тенденциялы туынды ретінде сынайып жатыр. Бұған оның тек басы мен аяғы, – анығы, бірінші және төртінші тараулары, – ғана Қаңтардың қаһарлы күндерінен хикая тартағыны, қалған екі тарауы Президент Тоқаевтың балалық шақтан күні бүгінге дейінгі жүріп өткен өмір жолдарын бейнелеуге арналғаны себеп болғанға ұқсайды. Бұған қарағанда, өз отандасымыздың кітабында сол күндерде орын алған жайттарға тереңірек шолу жасау мен байыпты баға берудің біршама талпыныстары бар.

Бұлардан бөлек, бізде қасіретті қырғынның өне бойын суреттейтін тағы бірнеше деректі фильм оқырман назарына ұсынылды. Бірақ бұлардың да тең жартысын ресейлік документалистер түсірген сыңайлы. Сосын сол күндердің шекіресі сынды, көп жағдайда бірін бірі әр қырынан қайталай беретін біраз хроникалы материалдар жазылды. Алайда мұның бәрі жиылып келгенде де, біз сөзге арқау етіп отырған орасан зор ордалы оқиғаның жай-жапсары мен жағдаятына қарағанда, өте аз, тіпті мардымсыз кем. Бұған қоса, оған байыпты баға беру, сыры мен қырын ашу жоқтың қасы.

Сондықтан біз сол оқылықтың орнын сәл де болса толықтыра түсейік деген ниетпен қолға қалам алдық.

(Жалғасы бар)



Бағзы заманнан әлем өркениеті тарихына айналған, кезінде халқымыздың төрт бірдей (Шірік-рабат-сак тайпаларының, Жанкент-оғыз тайпаларының, Сығанақ-Ақ Орда, Қазақ хандығының, Қызылорда-Қазақ АССР) астаналары болған, Шәкәрім Құдайбердіұлы «Алты Алаштың анасы» деген, ел арасында «Алаштың анасы» атанған қасиетті Сыр елі тамырын тереңнен тартқан құтты орда. Сыр өңірі-ежелден ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің, өнер мен мәдениеттің киелі мекені болып табылады. Қасиетті Сыр елі топырағын мекен еткен көптеген би-батырлар, ақын-жазушылар, жыршы-термеші, өнер иелері есімі, ерліктері халыққа белгілі.

«Өмір-өзен ағып жатыр, тынбай, тоқтаусыз». Өмір-Алланың адамзатқа бұл ғаламда бір-ақ рет берілетін қымбат сыйы, жарық сәулесі, әрі сынағы. Сондықтан әрбір адам бұл өмірде төзімділік, табандылық танытып, адамгершілік қасиеттерді жоғары ұстай білу керек дейтін көнеқоз қариялар. Адам баласы өмірдегі кездесетін қиыншылықтарды, кедергілерді ақыл- ой-мен, сабырмен жеңіп, өмірдің әрбір сәтін мәнді де, сәнді де өткізіп, жарық сәулелей жарқын ете білуі керек.

Бүгінгі мақаламызға Сыр топырағынан нәр алып, туған жері мен халқына адал қызмет істеген тұлғаның бірі, беделі биік, мәрттігі өзіне жарасқан, Сыр елі милиция-полициясында өзіндік ерекше орны болған полиция полковнигі Мырзабеков Толысбек ағамыз арқау болып отыр. Иә, қимас әке, адал жар, ардақты аға, біреуге қадірлі іні, тағы біреуге сенімді дос, ұлағатты ұстаз бола білген асыл азамат арамызда болғанда биыл 74-ке толатын еді. Уақыт жүйрік. Оның да қаза болғанына биылғы 16 желтоқсанда 25 жыл толды. Ол сонау 90-жылдары кеңес үкіметі құлап, егемендігіміздің алғашқы жылдары, уақытылы жалақы бермейтін, кейде жалақы орнына азық-түлік тарататын күрделі кезде қалалық, аудандық, облыстық милиция-полицияда қаза басып құрам лауазымын атқарды. Оның қысқаша өмірбаянына тоқталып өтсек. 1951 жылы Қызылорда облысы Тереңөзек ауданында елге беделді Мырзабек әкеміз бен Жамал анамыздың отбасында дүниеге келген. 1973 жылы милиция қызметіне кіріскен. 1978 жылы КСРО Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғарғы мектебін аяқтаған. Облыстық ішкі істер басқармасының аға тергеушісі, Қызылорда қалалық ішкі істер бөлімі бастығының бірінші орынбасары, Қазалы аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, басқарманың ішкі қауіпсіздік бөлімінің бастығы, баскарма бастығының орынбасары лауазымдарын үлкен абыроймен атқарды. Қызмет барысында министрлік, облыстық ішкі істер басқармасымен, облыстық, қалалық, аудандық партия комитеттерімен ақшалай, заттай, медальдермен марапатталды.»Кеңес милициясының Үздігі».

Әрбір адамның шыққан тегін, руын сұрайтын қазақпыз ғой. Оның шыққан руы бүгінгі қазақ халқын құраған ірі тайпалардың бірі Ұлы жүздің Қаңлы руы. Википедия-ашық энциклопедия деректеріне сәйкес Қаңлы (Кангой) мемлекеті Қытай жазба деректерінде канцзой деген атпен, б.з.д. 2-ші ғасырдан бастап айтылады. Саны 600 мың адам, әскер саны 120 мың.

Астанасы Битян қаласы болған. Олар ұлан байтақ Ташкент, Хорезм жазирасы, Талас, Сарысу, Сырдария, Жаңадария, Қуандарияның ежелгі арналарын және Жетісудың онтүстік-батыс бөлігін, Оңтүстік Қазақстанды мекендеген. XVIII-XIX ғасырларда Башқұртстанда әкімшілік бөлік Қаңлы болысы болған. Қазақстан мен Өзбекстаннан басқа Ресейдің Ставрополь өлкесінде, Минводы, Нев-текум қалалары маңында, Қытайдың Лобнор аймағында елді мекендер, Пятигорск түбінде өзен аты, Түркияда көл Қаңлы атымен аталған. Орталық Азия түркі халықтары, оның ішінде Саха халқының құрамында қаңлы рулары (қаңғалас) сақталған. «Қаңлы арбаға ханмен мінеді». «Қаңлы бар жерде кәде бар». «Қаңлыдан хан сайла». «Қаңлы елінде хан бар». «Қаңлы тұрғанда басқа хан болмайды» (Акселеу Сейдімбеков. «Қазақтың ауызша тарихы» шежірелік деректерді пайымдау. Фолиант бас-пасы. Астана-2017). Бұдан біз бабалары Рум жерін бағындырған қаңлылардың тек қазақ тарихында ғана емес бүкіл Орталық Азияда шешуші роль атқарғанын білеміз.

«Ағадан ақыл, атадан нақыл» дейді дана қазақ. Т.Мырзабековтың

өзгерістер енгізілді. Кейін ол басқарманың ішкі қауіпсіздік бөлімінің бастығы лауазымында жүргенде қалалық милиция бөлімі бастығының анықтау саласы орынбасары лауазымын атқарып жүрген мені тағы да қарамағына қызметке шақырды. Мен бастықтарымының ауысуыма қарсы екенін айттым.

Тегіне тартып туған ұлдың аға басшы құрамы лауазымдарында, әсіресе баскарма бастығының тер-геу қызметі жөніндегі орынбасары лауазымында қызмет атқарған кезі өте ауыр кез еді. Баскарма бастығының орынбасары Б.Көпенованың Парламент депутаты болып сайлануына байланысты ол лауазымға Т.Мырзабеков тағайындалды. Оның облыс тергеу саласына жетекші болған кезі қылмыстық құқық саласында, жалпы еліміздегі заң саласындағы күрделі кезең болатын. Бұл кеңес үкіметі тарқап, егеменді елімізде қылмыстар мен құқық бұзушылықтар қатары көбейіп, оларды қылмыстық, әкімшілік жауапқа тартатын кеңес кодекстері, заңдарының күші жойылып, еліміз жана кодекстер, заңдар қабылдай қоймаған қиын жылдар еді. Қылмыстық іс жүргізу кодексінің әр бабын қолдану практикасын алдын ала министрлікпен, прокуратура, сотпен ақылдасу, келісу керек. Қылмыстық заңнаманы, заңдарды оқып білу бір де, оларды практикада қолдану мүлдем басқа. Ол теорияны жақсы білетін сауатты жас мамандарды тәжірбиелі тергеушілерге қосып, ұстаздың шәкіртті үйретуіне жағдай жасады. Өтірікке жаны қас болды.

Әлі жетіле қоймаған заңнама бойынша қылмыс-тық істерде орын алатын көптеген қарама-қайшылық-

ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

жеке ісіне үнілсек, курс бастығы подполковник Б.Конкавпен аттестация пара-ғында курсанттар арасында абыройлы болғаны, мектептің комсомол бюросының, халық бақылау тобының мүшесі, оқу взводының командирі болып тағайындалғаны көрсетілсе, баскарма бастығының бірінші орынбасары полковник А.Сағымбаевпен, баскарма бастығы генерал Е.Демесиновпен өте жақсы мінездеме берілген. Адам баласының адам баласынан айырмашылығы оның бойындағы ақылы, білімі, мінезі, салқынқандылығы, жомарттығы және т.б. жақсы қасиеттері. Осы қасиеттер оның бойынан табылды. Туымы, түрі, жүріс-тұрысы, сөзі, мінезі бөлек, ерекше болды.Ол өзінің сауаттылығымен, шыншыл, тазалығымен, тегтілігімен, ешкімнің алдында тайсалмайтындығымен, турашылдығымен, еңбекшілдігімен бауырмашылдығымен әріптестерінің есінде қалды. Баста түсі суық, қатаң болып көрінгенмен, сөйлесе бастасаң жүрегі жұмсақ, өзіне, қарамағындағы қызметкерлерге қатаң болды, бірақ қатыгез болған жоқ, әділ болды, әділетсіз болған жоқ. Нар тұлғалы, ер мінезді, адамгершілігі мықты азаматтарымыздың бірі еді. Өмірлік тәжірбиесі мол ол кісіден ақыл-кеңес алған қарамағында қызмет еткен әріптестері, тәрбиелеген шәкірттерінің барлығы қазір зейнетке шығып та үлгірді.

1987-88 жылдары мен басқарманың қалалық өрттен қорғау бөлімінің анықтаушысы болдым. Қасақана жасалған өрттер құжаттарын тергеу бөлімшесіне тапсыру, қылмыстық істердің тергеу барысы туралы ақпараттарды алу үшін қалалық милицияға жиі келем. Бірде мені мүлдем танымайтын ол қызметтік бөлмесіне шақырып: «сені ГОВД-да күні-түні көремін, ерінбейсің, қашан қандай оқу аяқтадың, мен ұсыныс білдірейін, сен бізге ауыс, ойланып, хабарлас»- деп менің аты-жөнімді жазып алды. Мен ол кісіге қайтып барған жоқпын. Кейін ол кісі Қазалы милиция бастығы болып ауысты. Мен облыстық өрттен қорғау бөліміне, кейін басқарманың Анықтау тобына ауыстым. Қызмет барысында Қазалыға жиі барамын, бөлімдегі тазалық, жана құрылыс өзгерістерді байқаймын. Қызметкерлердің тәртібі түзеліп, бөлімде қатаң тәртіп орнағанын байқалдым. Бірнеше рет іс-сапар кезінде қызметтік бөлмесіне кіргенде мені құрметті қонағындай жақсы қарсы алып, қайда орналасқаным, жұмыс барысы, қандай ескертулер бар екені туралы сұрап, жазып алып, кінәлілер мен орындаушыларды шақырып, қысқа уақытта кемшіліктерді жойып, анықтамада олардың жойылғандығы туралы

тарды прокуратура, сот тергеу мүддесін қорғау оңай емес екендігі түсінікті. Осы кезде ол қылмыстық заңнаманы заңды, дұрыс қолдануда қажырлы еңбегімен көзге түсті. «Аға болсаң ақыл айт, ақыл айтсаң мақұл айт»- демекші оны қызмет барысында баскарма бастығы, бұрынғы прокуратура тергеушісі, Арал ауданының прокуроры, полковник Тастемір Сауранбайұлы Рақымов қатты қолдады. Құқық қорғау, сот органдарында үлкен абыройға ие Т.Рақымов баскарма, тергеушілер ұстанамын, пікірін қолдай білді. Толысбек саналы өмірін Сыр бойында қылмыс пен құқық бұзушылықтарға қарсы күресуге, азаматтардың өмірі мен денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, мемлекет мүдделерін құқыққа қарсы қолсұғушылықтан қорғауға, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арнады. Елдің өркендеуіне айрықша үлес қосты. Ол тергеуші болған заманда қазіргідей компьютер түгілі екі-үш тергеушіге бір машинка болатын. Т.Рақымов бастығымыз айт-қандай «тергеуші жұмысы инемен құдық қазғандай» еді. Қызметте талапшыл, турашыл-тұқпалы болған ол жұмыста шаршап-шалдығып білмейтін. Оның артынан жаман әңгіме ерген жоқ. Ол өзіне тап-сырылған міндетіне зор жауапкершілікпен қарады. Оның үлгілі істері, табандылығы, азаматтылығы көп-теген қызметкерлерге үлгі болды.

Оның өзінен кейін інісі, елге белгілі азамат Аюпхан Мырзабекұлы Сырдария ауданының «Сельхозэнерго» мекемесінің басшысы болып жүргенде ағасының үлкен көмек көрсеткені туралы еске алады: Респуб-ликада сол кездерде жарияланған «Тұрғын Үй-91» науқаны барысында аудан басшылығы әрбір мекеме жұмысшыларын тұрғын үймен қамтамасыз етуді бақылауға алған, бірақ қаржы жоқ. Бірде Қазалыдан Қызылордаға келген ағасының алдына тұрғын үй салудағы қиыншылықтарды жайып салады.Ол сол кездегі «Сельстрой» тресінің бастығы, досы Ф.Фат-кулдиновке телефон соғып, мәселені тез шешіп береді. Қаржы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасы орталықтандырылған қоры есебінен бөлініп, тұрғын үйді «Мехкопхозстрой» құрылыс мекемесі салады. Сөйтіп, Толысбектің арқасында екі жыл уақытта сапалы үш үй құрылысы аяқталып, мекеменің алты қонабалалы және жаас отбасылары пәтерге ие болды.

Оның қарамағында тергеу қызметінің бастығы болған Ғ.Отарбаев ағамыздың сауаттылығын, ұйым-дастырушылық қабілетін еске алады. 30 жылдан аса департаменттің медицина қызметінің бастығы лауазымын атқарып келген С.Ибраев Қазалыда іс-сапарда болғанында оның ішкі істер бөлімінің екінші

ғимаратын сала бастағанын, тазалыққа, санитарлық жағдайға қатты көңіл бөлгенін, жалпы бөлімде үлкен өзгерістер байқағанын айтты.

Ішкі істер министрлігінің «Құрметті арла-гері», Журналистер Одағының мүшесі Б.Жаксы-бай Т.Мырзабеков туралы: кеуделі, ірі денелі, батыр тұлғалы, ақ сары келген 37 жастағы милиция капитаны Т.Мырзабеков келген күннен бастап-ақ өзінің тәжірибелі бастық екенін көрсетті. Оны жеке құрамға таныстыруға алып келген баскарма бастығының кадр жөніндегі орынбасары, полков-ник С.П.Констманов оның озат, тәжірбиелі тергеуші болғандығын, қалалық милиция бастығының орын-басары лауазымында талапшылдығымен, сауаттылы-ғымен көзге түскендігін айтты. Ол бірінші күннен бастап жеке құрам арасындағы әскери-қызметтік тәртіпті, тазалықты қолға алды. Әсіресе қызметте спирттік ішімдік ішкен қызметкерлерге қатаң шара көріп, бірнешеуін қызметтен шығарды. Қызметкерлер тәртіп бұзбайтын болды. Аула, ғимарат ішінің тазалығына, қызметкерлердің формалық киім кино, автокөлік, мотоциклдерді пайдалану, таза ұстау, жал жүру ережелерін қатаң сақтау, қызметкерлердің жұмысқа уақытылы келіп-ке-туін, тапсырма, нұсқауларды уақытында, сапалы орындауын, тіпті қызметкерлердің қандай га-зет, журнал, кітап оқитындықтарын, бос уақытта-рында немен айналысатынын, жаңуя мүшелерінің жағ-дайын өз бақылауына алып, ретке келтірді. Қарамағын-дағы басшылардың сауатты жұмыс жасауын дұрыс жолға қойды.

Бөлімдегі Ерлік Даңқы бөлмесі (шағын музей) жанартылды. Аулаға, көше бетке көшеттер егуді, көгалдандыру жұмысын жақсартуды қолға алды. Сырдария өзенінің бойынан қызметкерлерге жер алып жеке құрам отбасыларын бақша өнім-дерімен қамтамасыз етті. Қызметкерлер мен зейнет-керлерге жер учаскесін қора-қопсыларымен алып, олардың мал ұстауына жағдай жасады.Қала сыртын-дағы балық түрлері өте көп көлді сумен толтырып, келісім-шартпен жауапты милиционер. А.Арыс-танбаевты бекітіп, бөлімге бекітіп берді. Ол көлдің екі жағына вагон үйлер қойып қызметкерлердің демалыс орындарына айналдырды. Мереке сайын қызметкерлер жаңұяларына балық таратылды. Ол көл әлі күнге дейін «Милиция көлі» аталады. Сырттан келген қонақтарды көлге апарып серуендетіп балық сорпасын ішкізу, мерекелерде бөлімде мал сойылып оған қызметкерлер, зейнеткерлер, партия, кеңес органдары қызметкерлері, БАҚ өкілдерін қонақ етіп, дүниелен өткен қызметкерлерге құран бағышталып, ақсақалдардан бата алу үрдіске айналды.

Қатардағы қызметкерлерді оқу орындарына жіберіп, кейін олардың офицер атағын алуын қолдады. Қыз-меткерлердің бос уақыттарында отбасымен кино-театрларға баруын ұйымдастырып, қадағалады. Қызметкерлер балаларының мектептегі сабақ үлгі-рімін, тәртібін жасөспірімдер инспекторлары арқылы өзі жеке тексеріп отырды. Қызметкерлердің дене шынықтыру мен спортпен айналасуына жағдай жасады, сабақтарға өзі жеке қатысатын.Т.Мырзабековке дейін Қазалы көшелерінде жастардың 9 тобы аркасында топтасып төбелесу көп орын алатын. Аталмыш топтар онын жеке араласуымен ыдыратылып, мүлде жойылды. Қылмыстардың ашылу көрсеткіштері жоғарылады.

Жаңадан екі қабатты ғимарат тұрғызды. Қазалыа капитан болып келіп, подполковник болып, облыстық басқармаға жоғарылатылды. Ауысар кезінде ардагерлерді, жеке құрамды үйіне шақы-рып батааларын алды. Ол жеке құрам алдында «Қазалыда жұмыс істеу бір үлкен университетті бітіргеннен де артық екен. Менің соған көзім жетті» дейтін.

«Әр жақсыда бір мағына», «Жақсы менен жаманның аспан мен жердей паркы бар» деген бабаларымыз. Шынында да ол ерекше, өтірікке, әділетсіздікке жаны қас кісі еді.

Асыл туған адамның алтын жетпес нарқы бар. Жақсы менен жаманның аспан мен жердей паркы бар. Асыл туған жақсының ақыл-ойы кең болар. Атадан жаман туганның ақыл-ойы кем болар (Марабай ақын).

Отбасында бір қыз, бір ұл тәрбиелеп өсірді. Екеуі де жоғарғы білімді, үйлі-баранды.Ұлы Талғат өзі аяқтаған Қарағанды жоғарғы мектебін аяқтады, полиция зейнеткері. Женгеміз Сәнімқұл немерелерін тәрбиелеуде.

Әдемі –қарттық бір бақыт» - дейді халық сөзі. Ағамыз осы әдемі қартаю бақытын аяғына шалып көре алмады. Жасамаған жасын ұрпақтарына берсін, арты жақсылыққа жалғасын демекшімін.

Хұсайын Асанұлы ҚОРАЗБАЕВ, зангер-журналист. Ақпарат саласының үздігі. ҚР ІІМ мен ТЖМ-нің «Құрметті Ардагері. Запастағы полиция полковнигі.

ҚАЗАҚСТАНДА ЖҰМЫС БЕРУШІНІҢ МІНДЕТТІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖАРНАСЫНЫҢ МӨЛШЕРІ АРТТЫ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарнасының (ЖМЗЖ) мөлшерлемесі қызметкер табысынан 3,5% дейін ұлғайтылды (ЖМЗЖ мөлшері жыл сайын кезең-кезеңмен өсуде - 2024 жылы – 1,5%, 2025 жылы – 2,5%, 2026 жылы – 3,5%, 2027 жылы – 4,5%, 2028 жылы – 5%).

Еске сала кетейік, 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық жұмыс берушілер Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына (БЖЗҚ) өз қызметкерлерінің пайдасына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын аударуға міндеттелді. Осылайша халықаралық тәжірибені ескере отырып, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі жұмыс берушінің қатысуымен іске асырылатын жаңа құрамдас бөлікпен толықтырылды.

ЖМЗЖ енгізу 1975 жылы және одан кейін туған азаматтардың зейнетақымен қамсыздандырылуын жақсартуға бағытталған. Себебі бұл санаттағы азаматтардың ынтымақты зейнетақы алу үшін маңызы зор 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі жоқ немесе мүлде аз. Болашақта олардың жиынтық зейнетақысы

үш құрамдас бөліктен тұратын болады:мемлекеттен төленетін базалық зейнетақы, қызметкердің міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ) есебінен қалыптасатын жинақтаушы зейнетақы және жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптасатын шартты-жинақтаушы зейнетақы.

Жұмыс берушілер 1975 жылғы 1 қаңтарға дейін туған адамдар, зейнет жасына толған азаматтар, мерзімсіз уақытқа І және ІІ топтағы мүгедектік белгіленген адамдар, әскери қызметшілер және оларға тентестірілген тұлғалар үшін ЖМЗЖ төлеуден босатылады. Жұмыс берушілердің ЖМЗЖ-ны уақытылы әрі толық төлеуін қадағалау міндеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетіне жүктелген.

ЖМЗЖ есебінен төленетін зейнетақы төлемдері өмір бойына жүзеге асырылады. Алайда зейнетақы алушы шетелге тұрақты тұруға көшкен немесе Қазақстан Республикасының азаматтығын өзгерткен жағдайда бұл төлемдер тоқтатылады. Мұндай жағдайда азамат тек өзінің жеке зейнетақы

шотында жинақталған қаражатын ғана ала алады, ал ЖМЗЖ есебінен аударылған қаражат БЖЗҚ-да қалады. Себебі бұл қаражат салымшының жеке меншігі болып саналмайды және шартты зейнетақы шоттарына есептеледі. Сөйкесінше, ЖМЗЖ есебінен қалыптасқан жинақтар мұраға қалдырылмайды және олар зейнетақы төлемдерін ынтымақтылық (тарату) қағидаты бойынша төлеуге арналған. Демек, Қазақстан азаматтығынан айырылған немесе қайтыс болған тұлғалар үшін бұрын төленген ЖМЗЖ қаражаттары қорда қалып, қалған қатысушылар арасында қайта бөлінеді.

Бұған дейін сарапшылар ЖМЗЖ есебінен жиналған қаражатты салымшылардың жеке зейнетақы шоттарына аудару, сондай-ақ зейнетақы жинақтарын қалыптастыруда тең тесілді қамтамасыз ету мақсатында жасына қарамастан, ЖМЗЖ-мен барлық қызметкерлерді қамту жөнінде ұсыныстар білдірген болатын. Сарапшылар тарапынан жасалған бұл ұсыныстар әзірге талқылау сатысында.

«БЖЗҚ» АҚ-дан БЕРІЛЕТІН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ 5 ПАЙЫЗҒА ӨСЕДІ

2026 жылғы 1 қаңтардан бастап Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан (БЖЗҚ) төленетін зейнетақы төлемдері зейнетақы төлемдерін бұрыннан алып жүрген зейнеткерлер үшін 5 пайызға ұлғаяды.

Естеріңізге сала кетейік, БЖЗҚ-дан берілетін зейнетақы төлемдерінің есептеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы қаулысымен бекітілген Зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу әдістемесіне сәйкес жүзеге асырылады. Аталған әдістемеге сәйкес, зейнетақы төлемдерін алғаш рет ала бастайтын азаматтар үшін ай сайынғы төлем мынадай тәртіппен есептеледі: зейнетақы жинақтарының сомасы зейнетақы жинақтарын төлеу мөлшерлемесі — 6,5 пайызға көбейтіліп, 12 айға бөлінеді. Кейінгі жылдары ай сайынғы төлем мөлшері зейнетақы төлемдерін индекстеу мөлшерлемесіне сәйкес 5 пайызға арттырылады.

БЖЗҚ-дан жүзеге асырылатын ай сайынғы зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейінің (ЕТК) кемінде 70 пайызына тең. 2026 жылғы ең төменгі күнкөріс деңгейі - 50 851 теңге. Ал ай сайынғы зейнетақы төлемінің ең жоғары мөлшері шектелмейді және ол алушының зейнетақы жинақтарының көлеміне тікелей байланысты.

Әдістемде төменде көрсетілген санаттарға жататын азаматтар үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу кезінде қолдануға болатын арттырушы түзету коэффициенті көзделген:

- мерзімсіз уақытқа белгіленген І немесе ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдар;
- міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары жиынтығында кемінде 60 ай төленген және зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар.Егер азамат жоғарыда көрсетілген екі талапқа бірдей сәйкес келсе, ең жоғары мәнге ие түзету коэффициенті қолданылады.

Осылайша, зейнетақы төлемдерінің мөлшері тұрақты түрде аударылатын зейнетақы жарналары мен жинақталған инвестициялық кіріс есебінен қалыптасатын зейнетақы жинақтарының көлеміне тікелей тәуелді. БЖЗҚ-дан берілетін төлемдер жеке зейнетақы шотындағы қаражат толық таусылғанға дейін жүзеге асырылады. Жеке зейнетақы жинақтары салымшының меншігі болып табылатындықтан, олар азаматтық заңнамада белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.



2026 – ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР ЖЫЛЫ

Бір күннен бір күннің еш айырмашылығы жоқ. Өмір деген біркелкі өтіп жатқандай болғанымен, жылдан жылдың жаңалығы, өзгерістері болатыны сөзсіз. 2026-шы жылы елімізді қандай өзгерістер күтіп тұр? Қандай жаңалықтар болады? Осы ретте көп жұрттың жұлдызнамаға назар аударатыны белгілі.

Соңғы жылдары елімізде көптеген өзгерістер орын алды. Айнала дүние де құбылып тұрғаны рас. Дегенмен ел тұрғындары ел дамуының тұрақты болғанын қалайды. Экономиканың өскенін тәуір көреді. Сондай-ақ елдің ертеңгі күнге деген сенімінің зор болғаны мемлекет дамуының негізгі белгісі. Әрбір адам ел дамуында өз орнын тапқысы келеді. Кәсіп бағдарын бағдарлап, әйтеуір бір іспен айналысып, отбасының, әулетінің тұрмысын жақсартқысы келетін жандар аз емес. Сол үшін де жан-жағына қарап қай кәсіппен айналысқан дұрыс, қай мамандықтың болашағы бар, қалай көбірек ақша табуға болады, отбасында үйлесімділікті қалай сақтауға болады деген сұрақтардың жауабын да іздейтіні анық.

Жалпы 2026-шы жыл саналы түрде қабылданған шешімдердің, тұрмыстың біркелкілігінің, сондай-ақ адамдар арасындағы алшақтықтың азайып, жұрттың бір-біріне теңелуінің жылы дейтін жұлдызшылар кеңесі біртүрлі көңілге қонымды. Жұлдызшылардың айтуынша, бұл уақыт ойланбастан бірден-бірге секіре бергеннен гөрі асықпай, анық жүріп ақылмен іс істейтін кезең. Әркімнің де өз позициясын нығайтатын, ұзақ мерзімді жоспар жасайтын, адамдармен қарым-қатынаста, іс барысында тәртіп орнататын жылы болмақ. “Асығыстың ісі шала” дегендей, “асықпағанның арбамен қоянға жететін” кезеңі. Өйткені асығудың нәтижесі төмен болатынын өмір өзі дәлелдейді. Шыдамдылық пен жүйелілік керісінше жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Еліміз үшін биылғы жыл біртіндеп тұрақтану және барлығын қайтадан ақыл таразысынан өткізетін жыл болғалы тұр. Қоғамда әділеттілікке, кәсібилікке және сенімділікке деген сұраныс күшейетін тәрізді. Әрине жұмыс пен табыс табу алдыңғы жоспарда: адамдар іске қабілетті, тірлікке бейім болып өздерінің кірісі мен шығысын есептеп, үнемге көшетін түрі де бар сияқты. Отбасы, үй, жер, тек құндылығы артады. Көптеген адамдар айға жоспар құрғаннан бөлек, алдын-ала жылдарға жобалап баспана алып, балаларын оқытуға қаржы салып, өз кәсібін дөңгелетуге тырысады.

Бұл жыл сондай-ақ тынбай тірлік етіп, өз мақсатына табандап жақындап келе жатқандардың жылы. Ең бастысы әр адам өз-өзіне, өзінің қабілетіне сенуі керек. Нағыз еңбек еткеннің жылы.

ТОҚТЫ



Токты. Айналаға тереңірек зер салған дұрыс. Жаңалықтар көп. Бұл белгідегілер үшін көбірек еңбектенуге тура келеді. “Тегін ірімшік тек қақпанда ғана бар”. Кейбір Тоқтылар үшін ақша мәселесі алға шығады. Дегенмен жыл мүмкіндіктері мол. Жақсы іске қаражат салуға болады. Танымалдылығы артады, махаббатта жолы болады. Біреулер үшін махаббат сезімі жаңадан тұтанса, кейбіреулер үшін ескі махаббат оты қайта жанады. Шығармашылық шабыт артады. Дегенмен достармен қарым-қатынаста арақашықтық ұстаған жөн.

ТОРПАҚ



Торпақ. Бұл жыл оқу, білім алу, қызметте көтерілу, саяхатқа, жолға шығу, сондай-ақ қозғалмайтын мүлік бизнесімен айналысуға мүмкіндіктер жылы. Жылдың екінші жартысында ескі байланыстар қайта қалпына келеді. Сондай-ақ романтикалық сәттіліктер де болады. Күз мезгілі отбасы үйлесімділігі үшін керемет. Сонымен қатар ұжымдық жұмысқа және шығармашылықты бастауға қолайлы уақыт. Жалпы жыл бойы барлық істі қайта құруға және мүлікке байланысты сұрақтарды шешуге мүмкіндіктер бар. Дегенмен көктемде және жаз соңында достарыңызға, тамыз айында отбасы мен ата-аналарыңызға назар аударыңыз.

ЕГІЗДЕР



Егіздер. Туыскандық қарым-қатынастарға байланысты өзгерістер болуы мүмкін. Отбасына жаңа адамдар қосылады. Егіздер үшін ақпан айы және көктемнің алғашқы жартысы жаңа білімді, дағдыны игеруге қолайлы. Нәтижесі жақсы. Жолға шығуға мүмкіндіктер көп. Іскерлік барысында наурыз және сәуір айларында бизнесті қайта құруға болады. Әрине кейбір түсініксіз жағдайлар орын алуы мүмкін. Достарыңызға арқа сүйеңіз.

Тарих ғылымдарының кандидаты, этнограф Бабақұмар ХИНАЯТ:

ЖЫЛҚЫ – АТ ЖАЛЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ

«Ұлы Абай «қазақ қайдан шықты» деген мақаласында жылқы жылы туралы тоқталады. Қазақтар соғысқа Шыңғыс хан заманында Шыңғыс хан әскеріне қосылып, әуелі Герханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алғаннан кейін Азияның төріне дейін барған дейді. Осыған байланысты қазақ «жылан жылы жылыс болады, жылқы жылы ұрыс болады, қой жылы зеңгір тоғыс болады» деген».

1221 жылы Шыңғыс ханның Орта Азияға шабуылдап, Отырар қаласының қирауы осы жылқы жылымен тұспа-тұс келген.


Ертеде қазақ жылқы жылы ұрыс көп болып, барымта көбейеді деп түсінген. Жылқы көшпелілер үшін мәдениеттің үлкен феномені, уақыттың философиясы. Адамның өмірі мен руханияты арасындағы тепе-теңдік. Азаттықтың рухы, өрлік, береке жылы болып есептеледі. Жылқы жылы несібе мол болады, елдік рух күшейеді деп сенген.

Ата-бабамыз үлкен істі бастап, алысқа жасалатын сапарда әр жылға мән берген. Сауда жасап, керуендететін кезде, алысқа көшетін сәттер болса да «келер жылы жылқы жылы, қолайлы жыл» деп ырымдаған екен.

Бұл жылы дау-жанжал болуы мүмкін деп те сақтанған. Бұл тек бір қазақ емес, жыл қайыру бар жалпы шығыс елдерінде, Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде қалыптасқан дәстүр.

Еңбек етуге және жеке өмірге тамыз, қыркүйек, қазан, желтоқсан айлары қолайлы. Жыл соңында ата-аналардың мұқтаждықтырына назар аудару керек. Жалпы жыл табысты, әсіресе білім беру мен жолсапарларға қатысты.

ШАЯН



Шаян. Олардың өмірінде бұл жылдың орны бөлек. Қабілеттілігі мен табыстылығын айналасындағылар жоғары бағалайды. Қаржылық жағынан да, қызмет барысында да есу бар. Шетелге шыққанда абай болған жөн. Жергілікті жердің заңдылығын білмегендіктен күрделі проблемалар туындауы мүмкін. Реті келсе наурыз айының бас жағында жолға шықпаған дұрыс.

Жыл бойы қаржы тұрақты. Дегенмен ақпан айында қаржы мәселесіне және үйдегі мүліктерге байланысты мәселелерде қырағы болған жөн.

Мамандық өзгертуге, жаңа дағдыларды үйренуге қолайлы кезең. Қыс және көктем кезінде жаңа жобаларға, пайдалы іскерлік таныстықтарға жол ашылады. Наурыздың соңы мен сәуірдің бас жағында жұмыс орнында іс-әрекетке, сөзге абай болып, даудамыдан аулақ болған дұрыс. Жылдың өте суық кезеңі отбасын құруға, балалы болуға қолайлы. Жалғызбасты Шаяндар қыста және көктемде өз серіктерін табу мүмкіндігі бар. Жаз айы – кірістің кезеңі, ал күз барлық бастамаларға жол ашылатын уақыт. Осы мүмкіндікті пайдаланып қалу керек.

Арыстан. Бұл жыл - Арыстандар үшін жаңа мүмкіндіктер, жаңа жобалар жылы. Ең бастысы сәтті кезеңді жіберіп алмау керек. Ақпан айынан бастап кірісті көбейтуге, кәсіби деңгейді кеңейтуге, ықпалды арттыруға керемет мүмкін-

АРЫСТАН



діктер болады. Наурыз айы ішкі, рухани дүниенің өсу кезеңі. Әрине шамалы қаржылық қиындықтар болуы мүмкін. Сәуір айында шешім қабылдауға тура келеді: бәлкім алысқа жол сапарға шығу қажет болар, немесе қиындығы болғанымен табысы мол жобаға тәуекел ету қажет.

Жылдың ортасы өте табысты. Бұл уақытта бәсекелестермен келіспеушіліктер боуы мүмкін. Өз ұстанымынан айнымаған жөн. Бұл ретте достар қолдау білдіреді, сондай-ақ көздеген мақсатқа жетуге күтпеген кездесулер де әсер етеді.

Тамыздың екінші жартысында қысқа мерзімді шығын болуы мүмкін. Достардың және жақын адамдардың көмегімен бұл кезең қиындығы жеңілдейді. Артынан жағдай қайта жақсарды. Күз бен қыс айлары жемісті, тыңғылықты тірлік етіп, ойға алғанды жүзеге асыруға болады. Жалпы жылдың берері көп.

Бикеш. Бұл жыл Бикештер үшін бір қиындығы, бір жақсылығы бар жыл

қаулап, шығын болуы мүмкін. Сәуір айы барлық дау-дамайды басып, жайлы өмірге бет бұратын кезең. Жалпы жыл бойы, көктемнен күзге дейін мүдделес жандар қолдау көрсетеді.

САРЫШАЯН



Сарышаян. Бұл жыл Сарышаяндар үшін жаңару кезеңі. Өткен жылғы денсаулыққа, қызметке қатысты проблемалар мен шығындар өткен шақта қалады. Жыл басынан қысқа мерзімді, тіпті ұзақ мерзімді де саяхатқа жол ашылады. Дегенмен қаңтар және ақпан айларында үйдегі мүліктерге абай болған жөн. Сонда жоғалтудың, шығынның алдын алады.

Ақпанның ортасында шығармашылық шабыт, қайсыбір мәселеде болмасын алға ілгерілеу, қызықты идеялар мен жаңалықтар ашу кезеңі. Өртүрлі сынақтардан өткен және өз-өзімен жұмыс істеген Сарышаяндар наурыз және сәуірден бастап өз дамуында жаңа деңгейге көтеріледі.

Жаз айында мүмкіндіктер мол. Әсіресе саяхаттарға, жолсапарларға. Ресми органдармен қиындықтар тумас

Қаңтар айындағы басшылықпен қиыншылықтар наурыз айында керемет мүмкіндіктерге ауысады. Қаржы бойынша кеңес: ақпан айының соңғы онкүндігінде қозғалмайтын мүлікке қаржы салуға, сондай-ақ күдікті, күмәнді ұсыныстарға абай болған дұрыс. Өйткені шығын шығу мүмкіндігі мол.

Білім жетілдіруге, өз-өзін дамытуға мән беру керек. Бұл өте қажет. Жаз мезгілінен кейін қызмет барысында өзгерістер болып, әлеуметтік мәртебе өседі. Бұл материалдық игіліктердің жақсаруына әсер етеді.

СУҚҰЙҒЫШ



Суқұйғыш. Кәсіпте, қызметте маңызды кезең. Сондай-ақ жарқын болашақтың іргетасы бүгіннен қаланады. Жұмыс барысында өте сақ болу керек. Өйткені көзге көрінбейтін интригалар болуы мүмкін. Дегенмен ұжым қолдау көрсетеді. Ақпан айы идеяларды, қабілетті кіріс көзіне айналдыратын мүмкіндік



үшін қараша айында өте абай болған жөн. Жыл тыныш өтеді деп айту қиын: бәлкім туған-туыстармен қарым-қатынастарда келіспеушіліктер орын алады.

МЕРГЕН



Мерген. Бұрын жылы қарым-қатынаста болғандардың тарапынан суықтық, сенімсіздік сезіледі. Бұдан шығу үшін әрине уақыт, күш керек. Бірақ мүмкіндік бар. Қуат азайып, шаршау сезіміне дайын болу керек.

Наурыздың басы мен жаздың ортасынан кейін үйге, отбасына көңіл бөлу қажет. Көктемнің алғашқы айы – махаббат айы. Сондай-ақ бұл уақыт материалдық активтердің өсуіне, турмыстық мәселелерді шешуге қолайлы кезең. Балаларға қатысты қуанышты сәттер жетерлік.

Күз және жыл соңына қарай қаржы мәселесі алға шығады. Құрғақ уәдеге ақша салып қалмау үшін қырағы, өз ақшасын сақтап қалу үшін сақ болған жөн.

ТАУЕШКІ



Тәуешкі. Жыл отбасылық қуаныштардан басталады. Ал жұмыс барысында қырағы болған жөн.

береді. Дегенмен бұл айдың екінші жартысында денсаулыққа мән беру керек. Сондай-ақ ақшаға ұқыпты болмаса шығын шығуы мүмкін. Қандай да бір жағдайда болмасын жақын адамдар көмекке келеді.

Наурыз айының соңы мен сәуір айы материалдық игіліктерге, кірісті көбейтуге қолайлы. Өзгерістер жасау үшін жоспарларды қайта қарау керек.

Денсаулықты нығайтуға және өз ісін бастауға көптеген мүмкіндіктерге жол ашатын жыл.

БАЛЫҚТАР



Балықтар. Жылдың алғашқы алты айы шығармашылыққа, жолсапарларға, сондай-ақ балалармен байланысты мәселелерге өте қолайлы. Интеллектуалды деңгей көтеріледі. Ақпан айының екінші жартысында уақытша денсаулық сыр береді, немесе қарым-қатынаста мәселе болады. Айналадағыларға абай болған жөн. Өйткені елдің бәрі дос емес.

Наурыз – сәуір қарбаласқа толы. Көмек бергендердің көмегінен, қолдау көрсеткендердің қолдауынан бас тартпаған жөн. Мамыр – шілде романтикалық қарым-қатынастарға, іскерлік әлеміне, отбасылық мәселелерге сәтті кезең.

Жалпы шілде айы – қызметте жаңа мүмкіндіктер мен маңызды өзгерістер кезеңі. Бұл уақытта жаңа жобаларды бастауға болады.

Тамыздың аяғы мен қыркүйектің бас жағында ағзаға назар аудару керек, бәлкім денсаулық сыр береді. Күз бен қыста саяхаттар маусымы ашылады.